



## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖҰМЫСТЫ ЖАЛҒАСТЫРУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағалиды қабылдады.

Президентке елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің есебі берілді.

Мемлекет басшысына ведомствоның жұмысында сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жоюға баса назар аударылғаны баяндалды.

Асхат Жұмағалидың айтуынша, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сырттан талдау жүргізу кезінде жерді бөлу және Алматының қала құрылысын дамыту ісін жоспарлау барысында жиі қайталанатын заңбұзушылықтарға жол берілгені анықталды.

Сонымен қатар кездесуде Мемлекет басшысына білім беру саласындағы бюджеттік өтінімдерді әзірлеу тетіктерінің жетілдірілмегеніне, қызметкерлерді бір орталықтан есепке алудың болмауына және қаржы жымқыруға әкеп соқтырған бухгалтерлік жүйелердің қазынашылықтағы деректер базасымен біріктірілуіне байланысты тәуекелдер анықталғаны жөнінде ақпарат берілді.

Президент бұл саладағы сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу маңызды екенін және процестерді цифрландыру қажеттігін ерекше атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы 6 айда 130 нысанға талдау және мониторинг жүргізілгені, жемқорлықты жоюға қатысты 1 000-нан астам ұсыныс енгізілгені туралы мәлімет берілді.

Кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіретін әкімшілік тосқауылдарды жою үшін «Бизнеске жол» жобасын жүзеге асыру ісі жалғасалды. Бұл бастама қолға алынған сәттен бері 21 мың бизнес субъектісіне көмек көрсетілді, 400-ден астам түйткілді кейс шешімін тапты.

Бұдан бөлек, Асхат Жұмағали Қасым-Жомарт Тоқаевқа сыбайлас жемқорлыққа қатысты бірқатар заңбұзушылықтың, соның ішінде олигополия өкілдері жасаған заңсыз әрекеттердің жолын кесу, сондай-ақ келтірілген шығындарды өтеу және активтерді қайтару шаралары туралы баяндалды.

Жыл басынан бері елімізде 1000-ға жуық сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс тіркелді, 700-ден астам адам әшкереленді, оның 98-і – түрлі деңгейдегі басшылар.

Сотқа дейінгі аяқталған тергеу амалдарының нәтижесі бойынша 232,6 миллиард тенге өтелді.

Жалпы, 1,5 жылда бюджетке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне шамамен 860 миллиард тенге көлемінде мүлкілік активтер мен ақшалай қаражат қайтарылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыстарды жалғастыруды, әсіресе әлеуметтік маңызы бар салаларға баса мән беруді тапсырды. Сондай-ақ алдын алу шараларының аса маңызды екенін айтты.



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ  
СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

Президент Шавкат Мирзиёевті туған күнімен құттықтап, оған бақ-береке және жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентінің екі ел арасындағы ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан достық, тату көршілік және көпжақты ынтымақтастықты нығайтуға елеулі үлес қосқанын атап өтті.

Әңгімелесу барысында Қазақстан мен Өзбекстанның стратегиялық серіктестігі мен одақтасығын одан әрі нығайту перспективалары талқыланды.

Сонымен қатар тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, алдағы кездесулер кестесін қарастырды.

## ШЕТЕЛДІК ӨНДІРУШІЛЕРДІ «АСЫРАП» ОТЫР


Атырау облысы негізінен Ресейдің жақын аймақтарынан әкелінетін азық-түліктің 70 пайызға жуығын импорттайды. Осылайша, аймақ шетелдік фермерлерді «асырап» отыр.

3»



## АУЫЗДЫҚСЫЗ АЛПАУЫТТЫ КІМ ҚҰРЫҚТАЙДЫ?

Барлық ұялы оператор өз тарифтерінің бағасын күрт көтерді. Бұл халықтың жаппай наразылығын тудырды. Алды сотқа жүгініп те жатыр. Бірақ сала алпауыттарына қарсы мемлекеттің қылар қайраны жоқ болып шықты. Сондықтан антимонополиялық орган ұлттық заңнамаға түзету енгізуге ниетті: байланыс операторларының тарифтерін мемлекет бекітуі тиіс. Цифрлық даму министрі отандық ұялы байланыс нарығының басым бөлігін жаулап алған «Қазақтелекомды» бөлшектеуді ұсынды. Саланы ірі өзгерістер мен соны бетбұрыстар күтіп тұрғанға ұқсайды.



Ұялы байланыс секторы «қоғамдық және әлеуметтік маңызды» саналады. Себебі, қазіргі ақпараттық технологиялар заманында адамдардың тұрмыс-тіршілігі ұялы байланысқа толығымен тәуелді. Онсыз заманауи қоғамның әл-ауқаты шыңырауға бір-ақ құлайды.

Сонымен бірге халқы ауқатты, құзырлы органдары қауқарлы, озық, дамыған, капиталистік елдердегідей, «бағаны нарық белгілесін» деген қағи-

да біздің елге жарамайды. Біріншіден, республика тұрғындары өте кедей. Ұлттық статистика бюросы жүргізген зерттеу көрсеткендей, Қазақстанда табысы күнкөріс шегінен де төмен, яғни тақыр кедей адамдардың саны 1 миллион 34 мыңнан асты. Бұлардың тапқан-таянғаны 46 671 теңгеден де аз.

(Жалғасы 4-бетте)

## ДАЛА ӨРТІ ӨРШІП ТҮР



Биылғы жаз шаруа үшін қиын болып тұр. Жауын-шашын аз болғанынан шөп көтерілмей, шалғының тісіне ілінбей жатса, бір жағынан тілсіз жау жағадан алуда. Бұл кез – дала өрті өршітін уақыт. Қарағанды облысы Шет ауданының үш ауылдық округінде, атап айтқанда, Талды, Ақшоқы, Ақсу-Аюлыда 21 шілдеде төтенше жағдай жарияланды.

7»

(Жалғасы 4-бетте)

## ҚОРҚЫНЫШ ҚҰШАҒЫНДАҒЫ АУЫЛ



7  
БЕТ

## БЕУ-БЕУ, «ГАУҺАРТАС»...



8  
БЕТ

## ЖҮЙЕДЕГІ ШИКІЛІК ҚОЛДЫ БАЙЛАЙДЫ

Биылғы 5 сәуірде Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары саласындағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Онда жер және құқықтық кадастрлар базасын біріктіру жолымен жер ресурстары мен жылжымайтын мүліктің бірыңғай базасын цифрландыру және қалыптастыру бойынша түзетулер қабылданған болатын.

Бұл өзгерістер жер телімдерін беру тәртібін жеңілдетіп, құжаттарды қарау және бекіту мерзімін қысқартады. Ал азаматтардың бос жер телімдері туралы ашық ақпаратқа, бас жоспарларға, елді мекендерді егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына, инженерлік желілер сызбаларына, инфрақұрылымды қарауға қолжетімділігін арттырады. 1 шілдеден бастап республиканың 88 қаласында елді мекендер шегіндегі жер телімдері жана, оңайлатылған тәртіп бойынша, яғни жер комиссиясының берілуі тиіс. Демек, құжаттарды қарау және келісу ұзақтығы қысқартылады деген сөз. Алайда тұрғындар мен кәсіпкерлер, шаруашылық иелері үшін тиімді тәсілді дер кезінде қолданысқа енгізуге министрлік дайын болмай шықты. Бұл туралы Парламент Мәжілісінің депутаты Болатбек Нәжметдинұлы дабыл қакты.

(Жалғасы 4-бетте)





## ҰБТ-да ҚАШЫҚТАН КӨМЕКТЕСКЕН

Арнайы бағдарламаларды қолдану арқылы ҰБТ тапсырған талапкерлер мен ПББ тапсырған педагогтердің компьютерлеріне қашықтан қосылып, оларға тесттен жоғары нәтиже алуға көмектескен күдіктілер ұсталды. Бұл туралы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің баспасөз қызметі мәлім етті.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстары бойынша департаменттері прокуратура органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, өңірлерде Ұлттық бірінші тестілеуді (ҰБТ) және педагогтердің білімін бағалауды жүргізуге жауапты ұйымның жеке қызметкерлерінің тестілеу процесіне заңсыз араласу әрекетін тыйды.

Серверлік жабдыкқа және басқа да ақпараттық ресурстарға қолжетімділіктерін пайдаланып, кү-

діктілер арнайы бағдарламаларды қолдану арқылы талапкерлер мен педагогтердің компьютерлеріне қашықтан қосылып, ақшалай сыйақы үшін оларға тесттен жоғары нәтижелер алуға жәрдем көрсеткен.

Өзара іс-қимыл нәтижесінде үш негізгі күдікті ұсталды. Тінту барысында қашықтан қосылуды қамтамасыз ететін техникалық құрылғылар мен бағдарламалар, ақшалай қаражат және өзге де заттай дәлелдемелер тәркіленді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 207 («Ақпараттық жүйенің немесе телекоммуникациялар желісінің жұмысын бұзу») және 210-баптары («Зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалар мен бағдарламалық өнімдерді жасау, пайдалану немесе тарату») бойынша сотқа дейінгі тергеу-тексеру басталды.

Айта кетсек, былтыр Ұлттық қауіпсіздік комитеті осыған ұқсас қылмыстар жасағаны үшін 6 адамды қылмыстық жауапкершілікке тартқан болатын.

## АНАСЫН ҰРЫП АБАҚТЫҒА ҚАМАЛДЫ



Анасын аяусыз тепкілеп, денсаулығына ауыр зиян келтірген ақмолалық 4 жылға бас бостандығынан айырылды.

Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі мәліметінше, Көкшетау қалалық сотында «анасының денсаулығына ауыр зиян келтірді» деген айыппен жұмыс істемейтін, бұрын сотталушы бар ер адамға қатысты қысқартылған тәртіппен (Қылмыстық кодекстің 106-бабының 1-бөлігі бойынша) қылмыстық іс қаралды.

Сотта белгілі болғандай, 66 жастағы әйел үйінде құлап, жамбас сүйегі сынған. Оны өзінің ұлы мас күйінде ұрып-соққан. Мас болып үйіне келген ол ауырлыққа жатқан анасынан түруді талап етіп, оған айқайлаған. Төсектен еденге итеріп, кеудесінен және ішінен тепкен. Мұнан соң ұйықтап қалған ұлы бірнеше сағаттан кейін оянып, анасының ыңырысығанын естіп, жедел жәрдем шақырған.

«Зардап шегуші жамбас сүйегінің жабық сынуы диагнозымен ауруханаға жатқызылды, кеуде

жарақаты, алты қабырғаның сынуы, кеуде гематомасы, жамбас сүйегінің сынуы, іштің жарақаты, көкбауырдың жарылуы, іш қуысында қанның жиналуы анықталды. Сотта ер адам кінәсін мойындап, өкінді. Жәбірленуші анасы оны кешірді, ұлына ешқандай талап қоймады, оны бас бостандығынан айырмауды өтініп сұрады», — деді ведомство.

Жаза тағайындауда сот сотталушының қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайларды — әрекетіне өкінгенін, сондай-ақ ауырлатын мән-жайларды — мас күйінде қылмыс жасағанын ескерді.

«Сот үкімімен ер адамға 4 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды және 575 398 теңге сомасында (жәбірленушіні емдеуге шығындар) материалдық залал өндірілді. Сонымен қатар бас бостандығынан айыруды өтеу орны бойынша алкогольмен емдеу бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары тағайындалды. Бас бостандығынан айыру жазасы ер адамға іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігінің жоғарылауына байланысты тағайындалды», — деп толықтырды ведомство.

## АЮ ТАЛАҒАН АДАМ ҚОЛЫНАН АЙЫРЫЛДЫ

Солтүстік Қазақстан облысындағы хайуанаттар бағында аюды тамақтандырмақ болған ер адамның қолын ампутациялауға тура келді. Дәрігерлер қазір оның екінші қолын аман алып қалу үшін күресіп жатыр.



СКО полиция департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, оқис оқиға 30 маусым күні Қызылжар ауданы «Абакшино» демалыс аймағы аумағындағы хайуанаттар бағында болған. Аудандық полиция бөліміне ер адамға аюдың шабуыл жасағаны туралы хабарлама түскен. Жедел жәрдем бригадасы зардап шегушіге медициналық көмек көрсетті, содан кейін ол ауруханаға жатқызылды.

«Жедел-тергеу тобының қызметкерлері оқиғаның мән-жайын анықтады. Зардап шеккен 43 жастағы ер адам 6 маусымда осы демалыс аймағына сынақ мерзіміне жұмысқа қабылданған. Оның міндетіне аумақты жинау және жануарларды азықтандыру кірген. Аталған факт Қылмыстық кодекстің 156-бабының 2-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу-тексерулердің бірінші тізілімінде тіркелді» делінген баспасөз хабарламасында.

Қазір істің барлық мән-жайларын зерттеуге бағытталған тергеу әрекеттері жүргізіліп жатыр, олардың нәтижесі бойынша түпкілікті процестік шешім қабылданады.

## СУБҰРҚАҚТАРДА ИНФЕКЦИЯ КӨП

Елордада тыйым салынған жерде шомылған екі азаматтан серозды менингит анықталды. Бұл туралы Астана қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Сарқыт Бейсенова мәлім етті.



«Жаз басталысымен халық арасында профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Тұрғындарға рұқсат етілген жерлерде ғана шомылу керектігі ескертіледі. Мамыр айынан бастап күнмен қатар су да жылды. Сәйкесінше, түрлі инфекциялар көбейе түсіп, жұқпалы аурулардың артуына алып келеді. Әсіресе, ондай инфекциялар ашық су қоймалары мен субұрқақтарда көп. Рұқсат етілмеген жерде шомылу кезінде инфекция жұқтыру қаупі жоғары», — деді Сарқыт Бейсенова қалалық коммуникациялар

қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында.

Маманның айтуынша, шомылу кезінде адамдар энтеровирустық инфекциядан басқа, ішек инфекциялары және А вирустық гепатиттің жұқтыруы мүмкін.

«Шомылу маусымы басталғалы екі астаналық рұқсат етілмеген жерде суға түсіп, салдарынан серозды менингит жұқтырған. Былтыр осы кезеңде 6 адамнан серозды менингит анықталды», — дейді елорданың бас санитары.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАНДАЙ КӨЛІККЕ ҚҰМАР?

Елімізде жаңа автокөліктердің ең танымал брендтерін отандық Chevrolet және Hyundai зауыттары шығарады.

Finprom.kz порталының дерегінше, аталған маркалардың сатылымы жалпы көлемнің жартысынан көбін құрайды — сәйкесінше 17,6 мың және 17,4 мың. Қазақстанда құрастырылған брендтің сатылымы бойынша алғашқы үштікті Kia түйіндеді: бес айда бұл брендке тиесілі 9,9 мың жаңа көлік сатылды.

Сондай-ақ биыл ең танымал брендтердің ондығына бірден 5 қытайлық көлік кірді: Chery (3,4 мың автокөлік), Haval (2,1 мың), Exeed (1,7 мың),

Changan (1,6 мың) және Jac (1,5 мың). Сондай-ақ сатылымдардың басында Toyota (3,2 мың автокөлік) мен Lexus (1,4 мың) тұр.

Биыл мамырдың қорытындысы бойынша, қазақстандықтар арасында танымал автокөлік модельдері Chevrolet Cobalt (2,3 мың жаңа көлік сатылды), Hyundai Tucson (1,1 мың) және Kia Sportage (1,1 мың) болды.

Tucson-нан басқа сұранысқа ие көліктердің ондығына Hyundai-дың тағы 4 моделі кіреді: Elantra, Sonata, Santa Fe және Bayon. Тағы бір Chevrolet моделі — Nexia мен Kia моделі K5 те — ең танымал көліктер қатарында.



## СОТ ҮКІМІ ШЫҚТЫ

Алматыда адам өліміне әкеп соққан жол апатына кінәлі №98 автобус жүргізушісіне қатысты сот үкімі шықты.

Алматы қаласы Алматы аудандық сотында Қылмыстық кодекстің 345-бабының 3-бөлігі («Абайсызда адам өліміне әкеп соқтырған жол қозғалысы ережелерін бұзу») бойынша А.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Сот анықтағандай, 2022 жылы 8 қараша күні сағат 14:00 шамасында сотталушы А. Абылай хан көшесінің бойымен онтүстік бағытта №98 автобусы басқарып, Абылай хан және Төле би көшелерінің қиылысында жол қозғалысы ережесін елемей, бағдаршамның тыйым салынған қызыл түсіне өтіп, Төле би көшесімен келе жатқан №201 автобуспен соқтығысқан болатын. Жол-көлік оқиғасының салдарынан №98 автобусының жолаушылары далаға ұшып кетті, жәбірленуші И. автобус астында қалып, алған жарақатынан қайтыс болды. Ш. және



К. есімді екі адам әртүрлі дене жарақатын алды.

Сот отырысында сотталушы кінәсін мойындаған жоқ, өзін ақтауды сұрады. Сот айыпталушының 3 кішкентай баласы барын және кінәсін жеңілдететін жағдайларды ескеріп, оны 2,5 жылға бас бостандығынан айырды. Сонымен қатар А. 5 жылға көлік құралын басқару құқығынан айырылды. Бұдан бөлек, Ш. және К.-ның пайдасына моральдық шығын ретінде 2 млн теңге, Ш.-ның пайдасына 323 885 теңге материалдық шығын өндірілді.

# ШЕТЕЛДІК ӨНДІРУШІЛЕРДІ «АСЫРАП» ОТЫР



Атырау облысы негізінен Ресейдің жақын аймақтарынан әкелінетін азық-түліктің 70 пайызға жуығын импорттайды. Осылайша, аймақ шетелдік фермерлерді «асырап» отыр. Отандық азық-түлік өндірісін дамытудың маңызы туралы «AMANAT» партиясы Атырау облыстық филиалы жанындағы Экономика, кәсіпкерлік және аграрлық сектор мәселелері жөніндегі кеңестің отырысында егжей-тегжейлі айтылды. Сондықтан партия табиғаты қолайсыз өңірлерге субсидияны ұлғайтуды ұсынып отыр.

Партия Хатшысы Эльдар Жұмағазиевтің айтуынша, еліміз бойынша ең үлкен табыс Атырау облысында деген сөз жиі айтылады. Алайда табыс қанша көп болса да, айналымы жоқ. Себебі қаражат импорт арқылы елден «шығып кетіп жатыр». Сондықтан Ауыл шаруашылығы министрлігі өңірлерді субсидиялау тәсілдерін қайта қарауы тиіс.

«Ең өзекті мәселе субсидиялау саясатының қаншалықты тиімділігіне қатысты

болып отыр. Ауыл шаруашылығы министрлігінің саясаты – барлық өңір үшін бірдей ереже. Ал біз табиғаты және климаттық жағдайлары қолайсыз аймақтарға ерекше көзқарас қажет деп санаймыз. Қазір Атырау облысында азық-түліктің 70 пайызы импортталады. Олар негізінен Ресейдің көршілес облыстарынан әкелінеді. Сонда біз ресейлік фермерді асырап жатырмыз ба? Қандай жағдай болса да, азық-түлік тауарларын өзіміз өндіретіндей ету қажет», – деді Эльдар Жұмағазиев.

Сондай-ақ партия Хатшысы өңірде отандық өніммен қамтылу деңгейінің тым төмендігін ескере отырып, Атырау облысында ауыл шаруашылығын, тамақ және балық өнеркәсібін, машина жасауды дамыту бағдарламасын әзірлеу қажеттілігі туындағанын алға тартты. Бұл ретте, жергілікті фермерлер жанар-жағармай бағасының жоғары болуы бизнесті дамытуға кедергі келтіріп отырғанын айтты. Кәсіпкер Еркебулан Кенжеғалиев жем өндірушілерге дизель отынның жеңілдетілген бағамен бөлу туралы ұсынысын жеткізді. Өз кезегінде сөз алған Атырау қалалық мәслихатының депутаты Рафик Сәрсенов

бүгінде тозу көрсеткіші 76 пайызға жеткен ауыл шаруашылығы техникасы паркінің жай-күйіне назар аударды.

«Технологиялық жанарту нормасы 6-8 пайыз болғанда, былтыр ауыл шаруашылығы техникасын жанартудың нақты іс



# ШЕШІЛМЕЙТІН ТҮЙІН ЖОҚ



Халыққа құқықтық көмек беріп, тұрғындардың талабына құлақ асу – бүгінгің басты қағида. Сол себептен «AMANAT» партиясы жанындағы республикалық қоғамдық қабылдауда көтерілген көз келген мәселеге жіті көңіл бөлініп, шешілу жолдарын жан-жақты қарастыру аса маңызды. Бүгінде аймақтағы бөлімшелердегі қоғамдық қабылдау халықтың өтініш айтып келетін орталығына да айналды.

Биыл алғашқы жарты жылдықта партияның қоғамдық қабылдауына 35,6 мың адам жүгінген. Бірі орталыққа өздері бас сұқса, енді бірі әртүрлі байланыс құралдары арқылы хабарласып, өтініштерін қалдырып жатады. Ең маңыздысы сол, көтерілген мәселелердің 46 пайызы он шешімін тауып, 39 пайызы бойынша түсініктемелер беріліп, өтініштердің 15 пайызы бақылауға алынған.

Өтініш берушілердің 63 пайызы әйелдер болса, елді мекеннің таралу түрі бойынша талдау облыстық республикалық маңызы бар қалалардың тұрғындары жиі жүгінетінін көрсетіп отыр. Айталық, 62,3 пайызы – қала, 37,7 пайызы – ауыл тұрғыны. Оның ішінде өтініштердің 25,2 пайызы – әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша, 24 пайызы – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша, ал 11,3 пайызы – жұмыспен қамту және еңбек қатынастары бойынша түскен.

Биыл Түркістан облысы Отырар ауданында «Құқық көмек» партиялық жобасын жүзеге асыру аясында Қоғам ауылының тұрғыны Г.Сахиева азаматтық алуға жәрдемдесуді сұрап келген. Оның айтуынша, 2018 жылы ол Қазақстанға қоныс аударды. Ал 2021 жылы Түркістан облысы ІІД көші-қон қызметіне азаматтық алу үшін құжаттарын тапсырады. Алайда белгісіз себептермен 2 жыл бойы арызданушының өтініші оң шешімін таппай келген көрінеді. Оның өтінішін тыңдаған партия мүшелері Түркістан облысы ІІД көші-қон қызметіне хабарласып, мән-жайды біліпті. Осылайша, биыл талай жылдан бері азаматтық алу үшін әр есіктің табалдырығын тоздырып жүрген арызданушының өтініші қабылданып, шілде айының соңында Қазақстан азаматтығын алды. Сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысында «Халыққа көмек» партиялық жобасын жүзеге асыру аясында көпбалалы отбасылар баспана алуға көмектесуді сұрап келген. Көмек сұрап келген үш отбасы да Жамбыл облысынан қоныс аударыпты. Қазіргі таңда олардың да мәселесі шешіліп, партия мүшелері және Күршім аудандық мәслихатының депутаты Қ.Бахтияровтың ұйытқы болуымен көшіп-қонысшылардың отбасыларына баспана алуға көмек көрсетілді.

Шалғайдағы ауылдық елді мекендердегі Мобильді қоғамдық қабылдау да нәтиже беріп отыр. Батыс Қазақстан облысы

Таскала ауданы Амангелді ауылындағы партия мүшелерінің сапарында ауыл тұрғындары ауыл мектебін күрделі жөндеуден өткізу қажеттігін алға тартқан. Партия мүшелері мен облыстық мәслихат депутаты Нұртай Сәпиұлының көмегімен мектепті күрделі жөндеуден өткізуге 353 миллион тенге бөлінді. Айта кету керек, жыл басынан бері 117 көшпелі қоғамдық қабылдау өткізіліп, оған 159 ауылдық елді мекен қамтылған. Оның ішінде 1261 өтініш түссе, оның 452-сі оң шешімін тауып отыр. Ал 136 өтініш орындалу үстінде және 666 мәселеге түсініктеме берілді. Тұрғындар көтерген мәселенің ішінде жеке қосалқы шаруашылыққа жер телімдерін, жайылымдар мен шабындықтарды беру, облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді мекеншілік жолдарды күрделі және орташа жөндеу, ауылдарды абаттандыру, инфрақұрылым және газбен қамту мәселелері бойынша өтініштер жиі түскен.

Жақында Қостанай облысы Лисаков қалалық партия бөлімшесіне келген тұрғын жұмыс берушісінің еңбекақысын төлеуге алмай жүргені туралы өтінішпен жүгінген. Арызданушы 2022 жылдың желтоқсан айында «Жалдама» ЖШС-де жұмысшы болып жұмыс істеген. «Келісім бойынша жұмыс істеген, жұмыс мерзімі өткеннен кейін арызданушыға жалақы төленбеген. Сондай-ақ бұл ұйымның тағы 4 қызметкеріне еңбекақы төленбеген. Бұрынғы қызметкерлер «Қостанай облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы» ММ-не жүгінгенімен, мәселе шешімін таппай келіпті», – дейді Лисаков қалалық мәслихаты депутаты Кан Афанасий.

Арызданушы мен жұмыс берушілердің де айтарын тыңдаған депутат серіктестік нысанындағы қиындықтарға байланысты ертерек төлем жасау мүмкін болмағанын білген. Дегенмен өтініш берушінің мәселесі оң шешімін тауып, арызданушының да, басқа қызметкерлерге де жалақы толық төленген.

Осылайша, ауыл тұрғындарының Қоғамдық қабылдау партиясына түскен өтініштерінің үлесі 15,7%-ға өсті. Оның ішінде 8,3%-ы жылжымалы қоғамдық қабылдау бөліміне түскен екен. Мұның өзі Мобильді қоғамдық қабылдау бөлімесінің енгізілуі тұрғындардың кері байланысты жақсартуға және шалғайдағы ауыл тұрғындарының өтініштерін арттыруға, партияға деген сенімді нығайтуға мүмкіндік беріп келеді.

Жадыра МҮСІМ

жүзіндегі деңгейі 4,4 пайызды құрады. Соңғы екі жылда техника құнының өсуі байқалып отыр. Биыл лизингке деп көзделген 170 млрд тенге саланың қажеттілігін өтемейді. Біз лизинг мерзімін жаңа техника үшін 15 жылға дейін (қазір 10 жыл), ал екінші техника үшін 10 жылға дейін (қазір 7 жыл) ұзартуды ұсынамыз», – деді ол.

Бұған жауап ретінде Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалиев агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы аясында «ҚазАгроҚаржы» АҚ-на жыл сайын 30 млрд тенгеге дейін ұзақ мерзімді бюджеттік несиелік жоспарланғанын хабарлады. Бұл ақша қазақстандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға жұмсалды.

Ал Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Азамат Бейісбеков отандық машина жасауды қолдау үшін «Машина жасауды дамытудың 2028 жылға дейінгі кешенді жоспары» әзірленгенін айтты. Бұл құжатта отандық кәсіпорындарға «ДАМУ» ҚДК» АҚ арқылы машина жасау саласындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне несиелік бойынша субсидия мен кепілдік берілетіні көрсетілген. Жер қойнауын пайдаланушылардың офтейк-келісімшарттар және ұзақ мерзімді шарттар, келісімшарттық сатып алу шарттарын (оффсеттік келісімдер) жасасуы бойынша міндетті талаптарды қосуы көзделмек.

Сондай-ақ жиын барысында партиялықтар балық шаруашылығы мәселелеріне де тоқталды. Кәсіпкер Саламат Омаров инвестициялық салымдар кезінде шикі және өңделмеген балықтарды экспорттауға

табиғи салу туралы мәселеге тоқталды. Немесе шектеулер енгізуден балық шаруашылығы субъектісіне келетін шығынға өтемақы үлесін 40-50%-ға дейін ұлғайту, сондай-ақ Жайық және Қиғаш өзендерінің түбін тереңдету жұмысын жүргізуге бюджеттен қаражат қарастыру қажет.

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ақпараты бойынша биыл ұзындығы 98,8 км болатын өзен түбін тереңдету жұмысын жүргізуге 3 млрд тенге қарастырылған. Жыл басынан бері Жайық өзенінде 5 км, Қиғаш өзенінде 8 км тереңдету жұмысы атқарылды.

«Өзендердің түбін тереңдету жұмысы жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Әсіресе Жайық өзенінің сағасында, өйткені оның тереңдігі жеткіліксіз болғандықтан, барлық балық аулау кемелері еркін жүре бермейді. Атырау қаласында орналасатын және түбін тұрақты негізде тазартатын арнайы мекеме құру тиімдірек болар еді. Тағы бір он нәтиже Каспий теңізінен Жайық өзеніне ұйдырық шашу үшін беркіре және басқа да балық түрлерінің өтуіне жағдай жасаудың арқасында балық популяциясы көбейетін болады», – деді Эльдар Жұмағазиев.

Шараны қорытындылай келе, партия Хатшысы Эльдар Жұмағазиев ауыл шаруашылығы мәселелерін шешу шағын және орта бизнестің дамуына серпін беретінін атап өтті.

Отырыс қорытындысы бойынша Кеңес Үкімет пен мемлекеттік органдарға жолдайтын бірқатар ұсынысты қабылдады. Бизнес-қоғамдастық өкілдерінің салалық министрліктермен және жергілікті атқарушы органдармен осындай кездесулерін партия басқа өңірлерде де жалғастыратын болады.

Айта кету керек, «AMANAT» сайлауалды бағдарламасы аясында алдағы бес жылда партия аграрлық саланы субсидиялау жүйесін жақсартуға, жем-шөп өндірісін дамытуға, сондай-ақ бүкіл өндіріс тізбегі бойынша мал шаруашылығының ордаланған мәселелерін шешуге ықпал етпек. Мәселен, бүгінгің өзінде ауыл халқының табысын арттыру үшін жеке қосалқы шаруашылықтар кооперациясы арқылы «Ауыл аманаты» жобасы іске қосылды. Оған қатысушылар жеңілдетілген несиелі алып, өз кәсібін дөңгелетіп жатыр. Биыл жобаны іске асыруға 100 млрд тенге бөлінді. Сондай-ақ 2027 жылдың соңына дейін АӨК-те 500 млрд тенгеден кем емес сомаға жүзден астам инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда.

# АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ – АЗАМАТТЫҚ ІС

«AMANAT» партиясының «Ардагерлерді ардақтайық!» жобасы халықтың көңілінен шығып, игілікті істерге мұрындық болуда.



«Жобаның мәні мен маңызы екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерінің, тыл ардагерлерінің және соларға теңестірілген тұлғалардың қазіргі таңдағы тыныс-тіршілігімен, хал-жағдайымен танысып, оларға қамқорлық таныту, іс-шаралар ұйымдастыруда ақылдасып кенесуде жатыр. Ардагерлермен өткізілген әрбір іс-шараның артында үлкен тағылым, тәрбие бар. Олардың ерліктерін естіген жастардың қызығушылығы, елге деген, туған топыраққа деген сүйіспеншілігі арта түсетінін байқап жүрміз», – дейді «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы Атқарушы хатшысының орынбасары, облыстық мәслихат депутаты Қалыма Жантөреева.

Жоба аясында Түркістан облысында 26 сәуір мен 6 мамыр аралығында ұйымдастырылған «Қарттарым, аманасу жүрші!» онкүндік іс-шарасы кезінде жергілікті жерлердегі БПУ-ның белсенділік танытуымен «Ардагер денсаулығы», «Жақсылық жасап жарысайық!», «Қамқор», «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» акциялары, жалпы саны 170 іс-шара өткізілген. Нәтижесінде, 14 екінші дүниежүзілік соғыс ардагеріне, 105 тыл еңбеккеріне, сондай-ақ әртүрлі саладағы 513 ардагерге азық-түлік таратылды. Сонымен қатар қарттарға медициналық көмек көрсетуге арналған «Ашық есік күні» түрлі мекемелерде әртүрлі саладағы ар-

дагерлермен кездесулер ұйымдастырылды.

– Облыста жобаны іске асыру он екі кесте арқылы жүзеге асырылуда. Соның бірі ретінде «Жастар Рухы» жастар қанатының жанынан құрылған еріктілер тобы іске асырып жатқан істерді атап өтуге болады. Аудандарда құрылған еріктілер тобының құрамы 10 партия мүшесінен кем емес. Олар өздерінің жоспарына сәйкес, әрбір ардагерді тұрғылықты мекенжайы бойынша белгілеп, бөліп алып, ұдайы хабар алып тұрады, мерекелік концерттерге, кездесулерге, тіпті, дәрігердің тексеруіне тұрақты түрде алып баруға ықпал етіп отырады. Сондай-ақ ардагерлердің аулаларын тазалау, өктуе, қолғандыру сияқты жұмыстарға қолғабыс етеді, – дейді Қ.Жантөреева.

Облыстық мәслихат депутаты өз сөзінде партиялық жоба жұмыстары жалғасатынын жеткізді.

«Жұрыда ғана Түркістанда өткен Ұлттық Құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан» және «Адал азамат» ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс» деген болатын. Осы тұста ардагерлерге құрмет біздің басты ұстанымдарымыздың бірі болуы керектігін әрбір азамат жанында ұстағаны жөн. Біздің партиялық жобамыздың аты да затына сай. Жұмыстар ары қарай жалғаса берсін», – деді депутат.

# АУЫЗДЫҚСЫЗ АЛПАУЫТТЫ КІМ ҚҰРЫҚТАЙДЫ?



Еллар ҚАБА (қолжаз)

(Басы 1-бетте)

Алайда Дүниежүзілік банктің «Listening to Kazakhstan» әлеуметтік зерттеуі қорытындысында 2022 жылы елімізде өзін кедей санайтындардың үлесі халықтың 23 пайызынан асатыны анықталды. 2020 жылы бұл көрсеткіш 14 пайыз ғана болған. Ел Президенті айтқандай, отандастарымыздың жартысының айлық табысы 50 мың теңгедей ғана. Оның 10 пайызын байланыс алпауыттары алып қойса, елге не қалады?

Екіншіден, алдыңғы қатарлы елдер кез келген саланы олигополияның жайлауына, секторды санаулы олигополиялық топтардың иемденіп алуына жол бермеуге тырысады. Ал Қазақстанда бәрі басқаша: ұялы байланыс саласын бір компанияның басыбайлы дерлік еншілеуіне антимонополиялық органның бұрынғы басылығы өзі бастап, «ақ батасын» берді. Арты не болды?

Осы ведомствоның, яғни Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің жаңа басылығының командасы салаға жан-жақты талдау жүргізіп шықты. Оның нәтижесіне өзі шошынып отыр. Бірден айталық, бұл саланың табысы шаш-естекен. Бір ғана интернет қызметтері нарығының ауқымы былтыр 474,1 миллиард теңгеден асты. Сөйтіп, 2021 жылғыдан 15,4 пайызға артты. Ұялы байланыс қызметтері нарығы — 250,6 миллиард теңге табыс әкеледі. 2,2 пайызға шамалы кеміген. Бұдан басқа да телекоммуникациялық қызметтер көрсетіледі.

Енді осының бәрінің қызығын кім көріп отыр?

«Бүгінде Қазақстандағы ұялы байланыс нарығы дуополистік сипатта. Нақтыласак, оған тек 2 нарық субъектісі ғана иелік етеді. Біріншісі — саланың 62 пайыздан астам үлесін иемденген «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобы. Оның құрамына «Kcell» АҚ, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2/Altel) кіреді. Екіншісі — Veelink маркалы «Кар-Тел» ЖШС. Оның үлесі — 38 пайыз», — деп хабарлады антимонополиялық агенттік.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің мәліметінше, саланы қос алпауыттың монополияландыруы және нарықтың жоғары шоғырлануы салдарынан, ұялы операторлар клиент үшін өзара бәсекелеспейтін, таласпайтын болып алды. Соның кесірінен, біреуі баға көтерсе, екіншісі соған ереді. Екеуі де тұтынушыларға қажет емес қызметтерін күштеп танады. Сондай-ақ агенттікке байланыс және интернет қызметтерінің сапасының төмендігіне қатысты шағымдар легі күрт артқан.

## БАҒДАТТЫҢ БҰНЫСЫ НЕСІ?

Жалпы, қос алпауытты ысырып, өзіне орын беруге мәжбүр ететін жаңа компанияның келуіне не кедергі? Тіпті отандық не шетелдік ұялы оператор қазақстандық нарыққа кіргісі келгенің өзінде, Үкіметтің оған бере қояр бос радиожилілік жоқ көрінеді. Және радиожилілік бұрын көленкелі, коррупциялы жолдармен бөлінгенге ұқсайды.

«Қазақстанда радиожилілік спектрі (РЖС) шектеулі. 2022 жылға дейін РЖС байланыс операторлары арасында негізінен Радио-жиліліктер жөніндегі ведомстваралық комиссияның ұсыныстары бойынша бөлінді. Агенттіктің пікірінше, шектеулі ресурсты бөлудің бұл тегігі ашық емес, көленкелі болды», — деп түсіндірді антимонополиялық орган.

Сондықтан ведомство Үкіметке РЖС бөлу бөлігінде, оның ішінде нарықтың әрбір қатысушысы үшін ашықтық пен объективтілікті, бәсекелестік және тен жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған неғұрлым онтайлы модель ретінде аукцион тәсілімен жаңа бесінші буын (5G) байланыс технологиясын енгізу үшін ұсыныс енгізген.

Өз кезегінде Мемлекет басшысы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне осы агенттікпен бірлесіп, 2022 жылдың соңына дейін РЖС бөлудің ашық тетігін енгізуді тапсырған болатын.

Осы тапсырманы іске асыру үшін Цифрлық даму министрлігі 5G радиожиліліктерге аукцион форматын әзірледі. Агенттік Бағдат Мусин басқаратын министрлікке екі ескерту жіберген. Біріншісі — сауда-саттықта тек 2 ірілендірілген лотты сатуына және бонус

ретінде сауда-саттық жеңімпаздарына 694-790 МҒЦ-тік «алтын» диапазонында жиіліктерді ұсынуына қатысты. Екіншісі — министрліктің сауда-саттық жеңімпаздарының байланыс қызметтеріне және сауда-саттық қызметтеріне тарифтерді көтеруіне байланысты нарықта дуополияны сақтау және күшейту бойынша ықтимал тәуекелдер турасында болған.

Нәтиже қандай? Жаңа лоттар да алпауыттың жұтқыншағына түсіп, жұмырығына жүк болмапты.

«Біздің тарапымыздан осы тәуекелдерді азайту бойынша ұсыныстар жіберілді, алайда Цифрлық даму министрлігі оларды ескерген жоқ. Цифрлық даму министрлігі 2022 жылғы 22-23 желтоқсанда Gosstr.kz ақпараттық жүйе алаңында бесінші буын ұялы байланыс жиіліктерінің жолақтарын беру үшін аукциондар ұйымдастырды. Өткізілген сауда-саттық қорытындысында, №1 лот бойынша бюджетке түсетін түсімдер сомасы 62,7 миллиард теңгені және №2 лот бойынша 93,4 миллиард теңгені құрады. Бірақ жеңімпаз «Kcell» АҚ мен «Мобайл Телеком Сервис» ЖШС құрған консорциум болды», — деп мәлім етті антимонополиялық орган.

Бүгінде жиіліктердің 82 пайызы — «Қазақтелеком» АҚ тобының, 18 пайызы — «Кар-Тел» ЖШС-інің иелігінде. Ал Мусин командасы өткізген аукциондар салдарынан нарық құрылымы өзгерген жоқ. Агенттіктің нұсқауына, нарықтың жоғары шоғырлануы сақталды. Билік 5G желісінде қызмет көрсетуді «Қазақтелеком» АҚ тобы арқылы монополияландырды. Ұялы байланыс қызметтеріне тарифтер көтерілді.

К.Токаев өзінен, яғни Президенттен бастап, министрлер мен әкімдерге, төмендегі барлық шенеуніктерге дейін «халық жалдаған

“

*Биылдың өзінде ұялы байланыс операторларының тарифтік жоспарларының бағалары 50 пайызға дейін өсті. 2021-2022 жылдар кезеңінде тарифтер орта есеппен 37 пайызға дейін қымбаттаған.*

менеджерлер» екенін, сондықтан олар бірінші кезекте бұқараның сөзін сөйлеуге тиістігін қайталаумен келеді. Осы орайда халықтың сөзін сөйлеу орнына, Цифрлық даму министрі Бағдат Мусиннің алпауыттардың шашбауын көтеріп, солардың «адвокатына» айналып кетуі қазақстандықтардың ашуын туғызды. Бұл жанжал шілде айының басынан бері өрістеп барады. Мусин болса, ақталуын және монополистерді қорғаштауын қоятын емес. Енді ол өзінің мәлімдемесін қызу талқылап жатқан БАҚ өкілдері мен сарапшыларға қайырылды.

«Назар аударғым келетін нәрсе — байланыс құны. Біз интернет құнының арзандығы бойынша әлемдегі 10 елдің ішінде болмасак та, 20 елдің ішіне кіреміз. Бұл — факт. Арзан байланыс операторлар үшін тиімді емес екенін түсінініздер. Бұл — бизнес, сондықтан бизнесті дамыту, яғни желіні құру және сапаны жақсарту үшін инвестиция қажет. Кіріспен бірге инвестициялар келеді. Егер табыс төмен болса, даму үшін инвестиция құйылмайды, тиісінше сапа да болмайды», — деді министр Б.Мусин.

Ол арзанқұмарлығы үшін қоғамға дүрсе қоя берді.

«Операторлар желісіндегі жүктеме артты. Бірақ шығындар тұтынылатын трафиктің көлеміне сәйкес тепе-тең түрде өскен жоқ. Желілерді салу үшін қажетті құрылғылардың да бағасы өсіп жатыр. Біз инфрақұрылымды жанартуымыз қажет. Бұл заман талабы. Біз барлық ауылды интернетпен қамтуымыз керек! Тарифтерді жасанды ұстап тұру саланың

тоқырауына әкеледі. Біз бәріміз барлық жерде сапалы және өзгелердікінен арзанырақ қызмет алғымыз келеді. Бірақ біз қалағанымыздай бола бермейді», — деп философияға ұрынды министр.

Шынында, ұялы байланыс халқының саны бізден 100 есе көп Қытайда да, шағын, бірақ бай Израильде де Қазақстандағыдан арзан.

«Нарықты «тежейтін» — монополия. Монополиясыздандыруды ешкім жойған жоқ, байланыс операторларының бірін «Қазақтелекомнан» шығару керек. Бұл менің ұстанымым. Айыппұлдар көлемін арттыруды жалғастырамыз. Мысалы, байланыс операторларына 2019 жылы 51 тексеру жүргізіліп, 10,8 млн теңге көлемінде айыппұл салынды. Биылғы жылы, қазіргі жағдай бойынша 308 жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, 1 млрд 244 млн теңге көлемінде айыппұл жазылды», — деді Бағдат Мусин.

## БАҒАНЫ МЕМЛЕКЕТ РЕТТЕСЕ ЖӨН

Дегенмен, сарапшылар байланыс алпауыттарының ахуалы Мусин көрсеткендей, мүлдем мүсін еместігін ескертті. Бұған дәлел — «Қазақтелеком» топ-менеджерлерінің табысы жыл сайын жарты миллиард теңгеге артып отыр.

Айтпақшы, «жана Қазақстанда» қаншама өзгеріс болды. Ал «Қазақтелекомды» сонау 2010 жылдан бері Қуанышбек Есекеев табан аудармай, басқарып келеді. Мемлекетке қарасты бұл ұйымда ротацияның иісі де жоқ. Ол барлығын көркейтіп отырса, сөз жоқ. Алайда қызметінің сапасы құлдырап барады. Бағасы халықты қан қасқатады. Бұл ретте айыппұлдарды да тұтынушылар өз қалтасын төлейтінге ұқсайды. Себебі Цифрлық даму министрлігі 2022 жылдан бері нашар ұялы байланыс пен интернет үшін айыппұл көлемінің 10-15 есе көтерілгенін айтады, ал мұнысы оператор менеджерлерінің қалтасына еш әсер етпейді. Ендеше олар қайдан сабақ алып, ісін түзесіне?

2020-2023 жылдардағы жиынтық қаржылық есебіне сәйкес, «Қазақтелеком» телекоммуникациялық монополисінің бүкіл тобының басқарушылық құрамының табыстары соңғы үш жылда 40 пайызға өскен. Басқарушылық персоналдың есепшотына аударылған жиынтық төлемдер көлемі жыл сайын 500 миллион теңгеге өсіп отырады. Нәтижесінде 2,5 миллиардтан 3,5 миллиард теңгеге дейін ұялайды.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Болат Сәмбетов елде ұялы байланыс тарифтерінің өсуіне қатысты түсініктеме берді. Ведомство ұялы байланыс тарифтерінің жоғарылауының негізділігіне күмәнданады.

Оның айтуынша, агенттік өз құзыреті аясында тиісті жұмыс жүргізуде: сұраулар жолданды, бағалар мониторингті қолға алды. Бірақ агенттіктің құзыры шектеулі.

«Заңнамада көзделген монополияға қарсы органның ден қою шараларын іске асыру процестері көбінесе соттарда талқылау себебінен кешіктірілетінін атап өткім келеді. Мысалы, квазимемлекеттік «Қазақтелеком» АҚ агенттіктің «Байланыс қызметтеріне тарифтердің өсуіне себептерін негіздеуге» қатысты сұрауына жауап беру орнына, оған қарсы сотқа шағымданды. 1-сатыдағы соттың 2023 жылғы 26 маусымдағы шешімімен сұрау салу заңды деп танылды, бірақ үкім күшіне енбеді. «Kcell» АҚ заңнамада көзделген баға мониторингін жүргізу аясында агенттіктің Алматы қаласы бойынша департаментінің сұрау салуына қарсы шағымданды. Соларынан, мониторинг тоқтатылды», — деді Болат Сәмбетов.

Ұлттық заң да алпауыттардың сойылын соғайды. Оған сәйкес, ұялы байланыс операторлары, яғни монополистер антимонополиялық агенттікпен өз қызметтерінің бағасын көтеруге рұқсат сұрамайды. Агенттікке хабарлауға да міндетті емес көрінеді. Заң тек бір ай ішінде тұтынушыларды ескертуге міндеттейді. Тұтынушыларынан келісімін сұрамайды, жай қымбаттайтынын ескертсе, жеткілікті.

Биылдың өзінде ұялы байланыс операторларының тарифтік жоспарларының бағалары 50 пайызға дейін өсті. 2021-2022 жылдар кезеңінде тарифтер орта есеппен 37 пайызға дейін қымбаттаған.

Ведомство басылығы 2022 жылы Мемлекет басшысы өз Жарлығымен «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобын монополиясыздандыруды тапсырғанын еске салды. Бірақ бүгінде Үкімет «Қазақтелекомды» монополиясыздандыру жөніндегі жұмысты белгісіз мерзімге ұзартып, сөзбұйдаға салыпты. Бәлкім, Президент тапсырмасына кезекті рет сабақтап жасалуды да мүмкін.

Бұл жұмыстың қашан бітетіні, тіпті мәресіне жететін-жетпейтіні белгісіз. Сол себепті Бәсекелестікті қорғау агенттігі «нарық толық монополиясызданғанға дейін» ұялы байланыс қызметтеріне бағаларды мемлекеттік реттеуді уақытша негізде енгізуді ұсынды. Бұл ұсыныс Үкімет пен Парламент тарапынан қолдау тапса, ұялы операторлардың тарифтерін мемлекет бекітеді. Әйтпесе, «Әділетті Қазақстанды» алпауыттар басынып барады.

Елдос СЕНБАЙ



# ЖҮЙЕДЕГІ ШИКІЛІК ҚОЛДЫ БАЙЛАЙДЫ

(Басы 1-бетте)

«Ауыл шаруашылығы министрлігі субсидия алу үшін платформа 100 пайыз дайын деп есеп берген болатын. Алайда шаруалар субсидия алуға өтінім беруде үлкен мәселелерге тап болды. Басқасы басқа, шаруалардың әрбір жұмысы жер қатынастары саласына тікелей қатысты. Сондықтан жеңілдетілген қаржыға қол жеткізер кезде мұндай мәселелердің алдынан шығып жатқаны олардың сағын сындырады. «Электронды үкімет» веб-порталының жер қатынастары саласына қажетті тұстарының жұмыс істемеуі шаруаларды ғана емес, бүкіл қазақстандықтардың жұмысына кедергі келтіреді», — деді Мәжіліс депутаты Болатбек Нәжметдинұлы Шымкент қаласындағы кәсіпкерлер палатасында өткен жиында.

Себебі жоғарыда атап өткендей, 1 шілдеден бастап жер телімдері онлайн алатын электрондық тәртіп бойынша берілуі тиіс болатын.

Мәжіліс депутаты бизнес-қоғамдастық өкілдерімен және мемлекеттік орган басшыларымен кездесу барысында электронды жүйенің функционалдық жұмысындағы үлкен кемшіліктерге бұдан алдын да назар аударғанын жеткізді. Ол кезде депутат емес, кәсіпкер ретінде бірқатар шаруаның осы мәселеде проблема туындайтынын ескерткен. Міне, айтса айтқандай, осы жағдай қазір алдынан шығып отыр. Ал тиісті ведомство өкілдері Мемлекет басшысы қол қойған Заңды, яғни жер учаскелерін берудің жаңа тәртібін іске асыруды бірқатар себепке байланысты қамтамасыз ете алмағанын көрсеткен. Осылайша, түзетулерді енгізу 1 тамызға шегерілген. Алайда Мәжіліс депутаты бұл шегеру шиеленіскен жағдайды түзете алмайтынын айтады.

Заңға 5 сәуірде қол қойылды, теориялық тұрғыдан алғанда, сол кезде де мемлекеттік органдар оны қолданыса енгізу үшін барлық нормативтік-құқықтық актілерді ұсынуы керек еді. Бірақ қазірдің өзінде, шілде айының соңы болса да Ауыл шаруашылығы министрлігі дайындауы тиіс он нормативтік-құқықтық актінің тек төртеуі ғана тіркелген. Тағы алтауы мақұлданды. Осылайша, Жер кодексіне енгізілген өзгерістердің орындалуын қамтамасыз ету осыны мүмкін емес заңға өзгерістерді бекітудің барлық мерзімдері бұзылды. Жалпы алғанда, осындай ондаған үш актінің әзірлеу қажет. Барлығы жана жүйені енгізуге дайын еместігін көрсетеді. Өйткені, екі ереже әлі бекітілмеген. Оның бірі — Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрын жүргізу, екіншісі — Қоғамдық кадастрлық картаны жүргізу, — деп атап өтті тағы да Болатбек Нәжметдинұлы.

Кадастрлық картада жер, құқықтық және қалалық кадастрлардан алынған мәліметтер болуы керек. Яғни, ЖАҚ бар, ал оны жүргізу ережелері жоқ. Бекітілмеген ереже салдарынан жеке және заңды тұлғалар сұралып отырған жер учаскесін беру схемасын қалыптастыра алмай отыр. «Электрондық үкіметтің» веб-порталында «Жер қатынастары» бөліміндегі қызметтер тізбесінде Кодекстің 44-2-бабының тәртібімен жер учаскесіне құқық беру жөніндегі осы қызмет пайда болмағандықтан, көрсетілген қызметті алушының тиісті өтінім беруге мүмкіндігі болмай отыр.

Қауіптісі, аталған мемлекеттік қызметтерді ала алмай отырған азаматтар мен бизнес субъектілері арасында қоллап пен шиеленіс туындау қаупінің алдында тұр. Тұрғындар тарапынан ЖАҚ арқылы өтінім бере алмағандықтан, қаланың жергілікті атқарушы органына ауызша жүнігін кезде өкімдік өкілі өтінімді қағаз түрінде қабылдау Кодекстің 44-2-бабында бұл көзделмегені туралы жауап бергені бойынша деректер кездесіп отыр. Демек тұрғындар ЖАҚ арқылы да, қағаз түрінде де өтінім қалдыра алмай қатыр.

Кәсіпкерлік палатасындағы Заңға түзетулерді енгізу төңірегіндегі жағдайды талқылау аясындағы жиында «Атамекен» ҰҚП Құрылыс департаментінің директоры Нәзира Үсенова мен Цифрландыру вице-министрі Әсет Тұрысов онлайн режимде қосылды. Нәзира Үсенова Қоғамдық кадастрлық картаның өзіне қатысты тұстарынан көп сұрақ туындағанын атап өтті.

«Алдымен, ол дұрыс жұмыс істемейді және бұл жер учаскесіне құқықты алу былай тұрсын, қажетті кадастрлық ақпаратпен танысудың өзі мүмкін емес. Іздеу функциясы жұмыс істемейді, спутниктік суреттердің сапасы өте төмен, ғимараттардың жердегі нақты орналасқан тұсында едәуір жылжу байқалады. Тіпті кейбір ғимараттар өздеріне «отырғызылған». Бұл әлеуетті инвесторлар мен кәсіпкерлік субъектілеріне қажетті ақпарат алудың орнына керісінше болып отыр», — деді департамент директоры.

Сонымен бірге вице-министрі кезінде берген уәдесі бойынша сұрақтың астына алды. Бұрын қызмет алушылардың өздерін қызықтырған бос жер учаскелерімен, бас жоспармен егжей-тегжейлі таныса алатынына уәде бергенін ренішпен жеткізді.

«Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрының сайтында жалпыға қолжетімді болып табылатын ЖАҚ-ты мұқият зерттеп, картада жарияланған ақпарат толық қамтылмағанын анықтадық. Интерфейс пен навигация пайдаланушылар үшін түсініксіз, мемлекеттік тілге дұрыс аударылмаған Бірақ, ең бастысы, ЖАҚ-ты зерттеу кезінде пайдаланушыға өзін қызықтыратын жер учаскесін өз бетінше таңдауға және бейнелеуге мүмкіндік беретін функция табылмады», — деді тағы да Назира Үсенова.

Алайда Әсет Тұрысов тағылған айыптардың барлығын жоққа шығарды.

«Мамандар ең бірінші кезекте жер және құқықтық кадастрларды біріктіруге күш жұмсап отыр. Цифрландырудың функционалдық мүмкіндіктеріне келетін болсақ, бұл — Цифрландыру министрлігінің саналы қадамы. Айталық, бұл деректердің барлығы Egov-те арнайы жұмыс режиміне енгізілмеген, өйткені нормативтік-құқықтық актілерсіз олардың мұны істеуге құқығы жоқ. Жүйе 31 шілдеге дейін міндетті түрде жұмыс істейтін болады», — деп уәде берді вице-министр.


Қатысушылар веб-порталда салаға қатысты шикіліктің көп екенін ескеріп, оның ай соңына дейін шешіле салатынына күмәнмен қарады. Ал Болатбек Нәжметдинұлы енді жер заңнамасын өзгертуге уәкілетті органдардың дайын емес екенін айтып, Үкіметке үндеу жолдайтынын жеткізді.

Назгул НАЗАРБЕК,  
Шымкент қаласы

# ИНВЕТОР МЕКТЕП САЛСА ИГІ...

## МЖӘ жобаларының жалпы көлемі (млн. теңге)

(Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы)



Қазір республикалық маңызы бар қала мектептеріндегі «Л» және «Ы» секілді сыныптар тұрғындарға таңсық емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің отырысында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын уақытылы әрі сапалы жүзеге асыру қажеттігін атап өткен болатын. Бұл атқарушы биліктің осы салада қордаланған мәселелерге назар аударуына себепкер болады деп сенеміз. Өйткені жаңа мектептер санының халық өсіміне «ілес» алмауы ата-аналарды да алаңдатып отыр. Осы орайда мемлекеттік-жекеменшік серіктестік моделі әлеуметтік инфрақұрылымның маңызды бөлігі саналатын мектептегі орын тапшылығы мәселесін тиімді шешу құралы бола ала ма деген сауалға жауап іздеп көрдік.

Камила ЕРКІН

Бүгінде қалалық жерлерде әр сыныпта орта есеппен 35 оқушы, кейде, тіпті 45 оқушы болады. Астаналық және Алматылық балалар үш ауысымда оқығанына қарамастан, кей сыныптарда бала саны стандарттан асып отырады. Біз әлі алыстан қатынап жүріп басын қауіп-қатерге тігетін балалар туралы сөз қозғап үлгерген жоқпыз.

### «ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА»

Алдағы онжылдықта мектептерде орын жетіспеушілігі күрделене түспесе, оңтайлы шешіле кетуі күмәнді. Өйткені Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, 2022 жылы елімізде оқушы орындарының тапшылығы 250 мыңды құраса, 2025 жылға қарай ол 800 мың орынға, ал 2026 жылға қарай 1,1 млн орынға дейін ұлғаймақ. Негізгі ауыртпашылық тағы да мегаполистерге түспек. Мұның екі себебі бар: бірі – көші-қон болса, екіншісі – туу көрсеткіші. Мәселен, 2019 жылы елімізде 402 мың бала дүниеге келді. Ал 2020 жылы 426 мың бала туып, 1987 жылғы рекордты жаңартты. 2021 жылы бұл көрсеткіштен де асып түсіп, тағы да 446 мың бала өмірге келді. 2022 жылы 403 мың жаңа қазақстандық дүниеге есігін ашты. Бұл ретте туғандардың жартысы оңтүстік өңірлерге, ал солтүстік аймақтағы көрсеткіштің жартысы Астана қаласына тиесілі болды.

Осыған дейін Президент Қ.Тоқаев Астанада мектеп салу жоспары орындалмағанын айтқан болатын.

«Былтыр 11 мектеп пайдалануға берілуі керек еді, оның үшеуі ғана салынды. Қазір кейбір мектептер үш ауысымда оқыса, енді бір сыныптарда бала саны 30-дан асады. Бұл білім сапасына кері әсер етеді», – деп мәлімдеді Мемлекет басшысы.

Ерекше балаларға арналған мектептер мен 45 мың бала кезекте тұрған балабақшаларда да осы мәселе.

«Мектеп салу – стратегиялық міндет. Оны жүзеге асыруға мемлекет қана емес, аумақты азаматтар да белсенді қатысуы керек. Бірақ бұл бағытта жеке бастама мен нақты ұсыныстар жетіспейді. Жалпы, жеке капитал есебінен мектеп салу мәселелерін ойластыру қажет», – деп түсіндірді Президент.

### ӨЗАРА ТИІМДІ ӘРІПТЕСТІК

Қиын экономикалық кезеңдерде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік қазынаға

қосымша салмақ салмай, әлеуметтік мәселелерді шешудің тартымды жолы секілді көрінеді. Бұл модель дүниежүзі бойынша өз тиімділігін дәлелдегенімен, отандық жүйеде негізгі қаржылық ауыртпалық әлі де мемлекеттік бюджетке түсіп отыр.

Әлемдік тәжірибе «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік» әлеуметтік маңызы бар жана нысандар салу барысында тиімді шешім екенін көрсетті. Мысалы, Еуропа ұзақ уақыт бойы қазына есебінен нысандар салу тәжірибесінен бас тартып, тіпті Ұлыбританияда білім беру және қорғаныс саласындағы ірі жобалар мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тегіні пайдалана отырып жүзеге асырылды. Ал кәрі құрлықтың басқа да елдерінде туннельдер мен көпірлер, автобандар, теміржолдар мен әуежайлар жекелеген инвесторлардың қаражатына салынып, халық игіліне қызмет етіп келеді.

2,222 млрд теңгені құрайды. Оның ішінде құны 1 250 млрд теңгеден асатын 15 республикалық жоба және құны 972 млрд теңгеден асатын 1 073 жергілікті жоба бар. Жасалған келісімшарттың 88 пайызы әлеуметтік инфрақұрылымға тиесілі. Білім, денсаулық сақтау, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық қызметтер алғашқы үштіктің ішінде. Атап айтқанда, білім саласы бойынша, 196 млрд теңгеге жуық 623 жоба бекітілген, бұл жалпы көрсеткіштің 57 пайызына тең.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік – әлеуметтік мәселелерді шешудің жақсы көзі. Алайда перспективалар қаншалықты қызықты болса да, бизнес әлеуметтік салаға сақтықпен ақша салады.

### МЖӘ МҮМКІНДІКТЕРІ ҚАНДАЙ?

Кезінде осы схема бойынша «100 мектеп, 100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасы аясында мектептер мен ауруханалар салу жоспарланған болатын. Бастапқыда құрылысты мемлекет (30%) және жеке сектор (70%) тарапынан бірлесіп қаржыландыру көзделді. Кейіннен экономикалық дағдарыс бизнестің мүмкіндіктерін едәуір шектеп, нәтижесінде бағдарлама 100 пайыз мемлекеттік қаржыландыруға ауыстырылған еді. Бірақ ол кезде әлеуметтік салада МЖӘ-ні қолдану үшін заңнамалық база болмағанын ескерген жөн.

«Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» АҚ басқарушы директоры Айдос Көбетов те Азия Даму Банкі дайындаған «Қазақстандағы мемлекеттік-жекешелік әріптестікке шолуы» барысында қазір заңнамалық шектеулердің жоғын атап өткен болатын.

Бірақ мемлекеттің қажеттіліктері мен мақсат-міндеттерін ескерсек, қажетті инвестиция мөлшері ондаған есе көп екенін көреміз.

Халықаралық сарапшылар Қазақстан жағдайында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік моделі ауқымды жобаларға қарағанда мектеп немесе балабақша секілді шағын нысандар үшін тиімді деген пікірде. Өйткені ұзақ жылдар бойы бюджетке қосымша салмақ салмайды.

Жеке секторға сеніп тапсырылған соң міндетті түрде білім сапасын бақылау мемлекет мүддесіне ауысары сөзсіз. Бұл

Нұрлан ӨТЕШЕВ,

Астана қаласы мәслихатының депутаты:

## КӨЛІГІМ мен ПӘТЕРІМНЕН БАСҚА АКТИВИМ ЖОҚ

Ол бұрын киноға да, жарнамаға да түскен. Жастар арасында біршама танымал еді. Бүгінде Кәсіподақтар федерациясы төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүр. Әрі Астана қалалық мәслихатының депутаты. Кейіпкеріміз – Нұрлан Өтешев. Біз оған бірқатар сұрақ қойдық. Жауаптан жалтармады.



### «Креслоқұмар» емеспін

– «Кресло» – отырып, ой жинауға, демалуға мүмкіндік беретін жиһаз. Оның біздің ұғымдағы ауыспалы мағынасы – тақ, билік. Жалпы, билікке көзқарасым жақсы, бірақ «креслоқұмар» емеспін. Ешқашан маған «кресло» керек деп ұмтылған жоқпын. Осы ұстанымнан айнымауды мақсат тұтамын.

### Жалақымыз жасырмаймын

– Биылдан бастап Toraigrov University коммерциялық емес акционерлік қоғамынан 635 мың теңге жалақы аламын. Бұған дейін бұл жерде 3 жыл тегін жұмыс істедім. Қазір корпоративтік басқару арқылы оқу орнының стратегиялық дамуына атсалысып жатырмын. Мұндай жалақыны тұрақты алып тұру үшін міндетімді мінсіз атқаруға тиіспін.

Кәсіподақтар федерациясы төрағасының орынбасары ретінде 450 мың теңге табыс табамын. Ал «Меркі-Радон» шипажайы акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің төрағасы лауазымындағы қызметім үшін 200 мың теңге кесімді жалақы тағайындалған. Бұл шипажай Кәсіподақтар федерациясына қарайды.

### Сайлау алдындағы уәдемді орындап келемін

– Мәслихат депутаттығына «AMANAT» партиясының партиялық тізімі бойынша өттім. 2007 жылдан бері партияның құрамындамын. «Нұр Отан» болған кезінде саяси ұйымның Жастар саясаты және сыртқы байланыс департаментін басқардым. Бұл партия – мен үшін басқа партиялар оның деңгейіне күні бүгінге дейін жете алмаған партия.

Сайлау алдында халыққа мәслихатқа немесе Мәжіліске өте қалған жағдайда еңбек адамның мүддесі мен құқығын қорғауға уәде бердім. Қазір осы бағытта жұмыс атқарып жатырмын. Таяуда қала әкімімен кездесу болады. Сонда бірқатар ұсынысымды жариялаймын.

Астана қаласы мәслихат депутаттарының арасында түрлі саланың өкілі бар. Олардың арасында қалталы азаматтар да жоқ емес. Жеке өзіме келетін болсам, отбасымыз толық қамтамасыз етуге мүмкіндігім жетеді. Несиеге алған көлігім мен пәтерден басқа активім жоқ.

### «Саясаткер» болудың жауапкершілігін сезінемін

– Формальды түрде саясаткермін. Өйткені мәслихат депутатымын. «Сен саясатпен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады» деген сөз бар. Қазіргі қоғам саясатпен айналыстырмай қоймайды. Жалпы, саясатқа бүгін келіп отырған жоқпын. Бұған дейін жастар саясатының өкілі болдым. Ел арасында мені саясаткер деп айтып жатады. Бұл атқалайықпын ба, білмеймін, дегенмен жауапкершілігін сезінемін.

### Басшылыққа білімімнен жеттім

– Алдыңғы буын ағалардан көмек емес, ақыл сұраймын. Себебі олардың берген бағыт-бағдары мен кенесі жолымды ашатынын білемін. Кезінде Максұт Нәрікбаев ағамыздың шарапатын көп көрдім. Сол кісінің маған берген ақылы мен артқан сенімі 23 жасымда жоғары оқу орнында проректор болуға бел буғызды. Студент кезімде Совет Сейітов, кейін Ералы Тоғжанов, Дархан Қалетаев сынды ағалардың ақылына құлақ түрдім. Бақыт Адамсопиев ағамен күні бүгінге дейін ақылдасамын. Олардың ақылын көмек, қолдау деп білемін.

Басшылық қызметке еңбегім мен білімім арқылы жеттім. Ешкімнің алдына барып, қызмет сұраған емеспін.

### Баадур Цуладземен бірге киноға түстім

– Баадур Цуладземен бірге киноға түстім. Мен үшін бұл үш ұйықтасам түсіме кірмеген оқиға болды. Кеңес және грузин актері, кинорежиссер, сценарист, тележүргізуші, марқұм Баадур Цуладземені балабақшаға барып жүрген кезімде экраннан көретінмін. Оның «Буратиноның шытырман оқиғалары» деген фильмде ойнағаны есімде сақталып қалды. Тағдырдың жазуымен Эля Пильманның «Сюрприз» кыскаметражды фильмінде бірге киноға түстім.

Студент кезімде Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы мен «Кино» фирмасы бірлесіп түсірген, режиссер Лейла Аранышеваның «Десант» деген киносында басты рөлді сомдадым. «Астана – жүрегім менің!» киноальманахына да түскенім де бар.

### Сценарий жазатын компаниямыз болған


– «Өзіміз ғой продакшн» деген атпен компания құрдық. Тобымызда Доспанбет деген жігіт болды. Ол Big Data-мен айналысады. Қазір KazData деген сайты бар. Бұл сайтқа жазылу арқылы ғана кіре аласың. Осы сайт сарапшылар 2 апта істейтін сараптаманы 15 минутта жасап береді. Бұл сайтқа әлемге әйгілі компаниялар жүгінеді. Осындай жобаның басында жүрген жігіттің ұсынысымен түрлі түсірілімдерге сценарий жазатын болып келістік. Жобаға Қазақ мемлекеттік заң университеті көнілді тапқырлар клубы командасының капитаны, «Алтыншы бекет», «Қол» фильмдерінің сценарисі, қазір белгілі жанер Азамат Айтжан есімді жігітті тарттық. 7 ай бірге жұмыс істедік. Кейін мен жобадан шығып кеттім.

### «100 доллар және сары майка»

– Қарағанды сырасын жарнамалайтын роликке түскен кезім де бар. Келісім барысында режиссер мен продюсер бір күндік түсірілімге Роза Рымбаеваға қанша қаламақы төлесе, маған да сонша төлейтіндерін айтты. Тапқан табысым 100 доллар және сары майка болды. Жарнама танымалдығымыз арттырды. Көшеде емінеркін жүре алмайтын жағдайға жеттім. Жарнамаға түскенім ешқашан өкінген емеспін.

Жазып алған  
Абылай БЕЙБАРЫС

## Салалар бойынша МЖӘ келісімшарт саны



Елімізде оралар болсақ, бізде мемлекет пен бизнес арасында жасалатын кез келген келісімдер мемлекеттік-жекеменшік әріптестік деп қабылданады. Бұл модель 2006 жылдан бастап мемлекеттік бюджетке түсетін салмақты азайту мақсатында қолданыла бастады.

Сонғы жылдары осы механизм арқылы, әсіресе денсаулық сақтау және білім беру салаларында инвестициялар тартылды. Мемлекет пен бизнес арасындағы ынтымақтастықтың жандануы экономикаға оң әсер еткенін көруге болады. Осы жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша елімізде МЖӘ жобаларының жалпы саны 1 088, ал тартылған инвестициялардың жалпы көлемі

тұрғыда голландиялық білім беру жүйесі тиімді шешім шығарғанын көреміз. Онда білім беру саясаты, яғни жеке немесе мемлекеттік мектептер – бір орталықтан, яғни үкімет арқылы басқарылады. Ал әкімшілік жұмыстар мектеп деңгейінде бақыланады. Нидерланд оқушыларының халықаралық үлгерім сынақтарында өте жоғары нәтиже көрсететіні бұл жүйенің тиімділігін дәлелдей түседі.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік білім саласындағы жеке мектептерге «табиғи» бәсекелі орта қалыптастырып, санның ғана емес, сапаның да жоғарылауына септігін тигізетіні анық.

# ТӘТТИ БАЛДЫҢ ТАУСЫЛМАС ҚОЙМАСЫ



**Жетісу облысы табиғатының кереметтігі туралы елдің бәрі біледі. Жерге шыбық шаншысаң, бәйтерек болып өсетін өлкеде еңбек ете білген жанға қажетті жағдайдың барлығы бар. Төрт түлікті түлетуге де, егін өсіруге де, орман-тоғайдың пайдасын көруге де, балық шаруашылығының бабын келтіруге де болатын аймақта ерекше кәсіппен нәпақа табатын жан көп. Солардың қатарында Арқас Алатауы орналасқан Алакөл ауданының Үйгентас аймағында ара шаруашылығын өрістетіп жүрген азаматтарды атап өткеніміз артық болмас.**

Жақында ғана осы салада еңбек етіп жүргендер балдың өзін ғана емес, басқа да ара өнімдерін сатып алуға болатын алғашқы бал шайқау тақырыптық фестивалін ұйымдастырды. Игілікті іс-шара көркіне көз тоймайтын Лепсі ауылында өтті. Тау қойнауындағы елді мекеннің тұрғындары үшін ара шаруашылығы – негізгі кәсіп түрі және осы жерде өндірілген Лепсі балы шетелде

бұрыннан танымал отандық брендке айналған. Облыста бірінші рет өткізілген «тәтті» мерекеге 100-ге жуық адам қатысты.

Фестивальды «Лепсинск.PRO» ЖК басшысы, Лепсі ауылындағы туризм амбассадоры Камила Вишнякова ұйымдастырып, оған Visit Zhetysu туристік ақпараттық орталығы көмек көрсетті.

– Лепсі ежелден өзінің дәмі тіл үйретін, шипалылығымен ерекшеленетін балымен белгілі екенін ел-жұрттың бәрі біледі. Заманында «патшаның дастарқанына қояр балды осы жақтан апарған» деген әңгімелер әлі күнге айтылады. Ауылдағы әрбір отбасы дерлік ара шаруашылығымен шұғылданады деуге болады. Біздің отбасымыз да осы кәсіпті жолға қойды. Менің әкем Марат Махмұтұлы – тәжірибелі омарташы. Ол осынау іспен 12 жасынан бастап, яғни жарты ғасырға жуық уақыт бойы айналысып келеді. Сондықтан туған өлкеміздің туристік мүмкіндіктерін насихаттай отырып, ата-бабасынан бастап 160 жылдан астам уақыт бойы бал өндірумен айналысып келе жатқан жерлестеріміздің өмірінің осы бір аса маңызды бөлігін назардан тыс қалдыра алмадық. Бұл фестиваль дәстүрге айналады деп сенемін және маусымдағы алғашқы бал шайқау іс-шарасын біз жыл сайын кенінен атап өтеміз, – дейді бізбен пікір бөліскен ұйымдастырушы К. Вишнякова.

Шарапатты шара барысында сатылымдағы өнімнің бәрін алдын ала дәмін татып көру мүмкіндігі жасалды. «Лепсі өнімі» ЖШС өкілдері де белсенді қатысып, бал өнімдерінің кен ассортиментін, сондай-ақ бал қосылған табиғи косметиканы ұсынды. Мереке қонақтары тау шөптерінен жасалған табиғи шаймен шөлін қандырды. Сонымен бірге әртүрлі шеберлік сыныбы өткізілді. Ара балаузынан шырақтар жасалып, фотосессия ұйымдастырылды. Ниет білдірушілер ара ұяларынан бал шайқау барысын өз көзімен тамашалау үшін омартаға экскурсия жасады, енді бірі атқа мініп серуендеді. Фестивальда ойын бағдарламасы және концерттік нөмірлер көрсетілді.

– Бүгін біз жаңа өнімдерімізді жұрт назарына ұсындық. Биыл біздің кәсіпорынның технологтары құрамында тау шөптері, жергілікті жеміс-жидек бар шайдың 4 түрін әзірледі. Денсаулыққа пайдалылығы мен дәмінің үйлесіміне баса назар аударылады. Айтпақшы, фестивальға қатысушылар ішкен шай біздің рецепт бойынша жасалған. Біз әрбір өнімнің құрамын аса мұқият зерттейміз. Табиғи косметика, оның ішінде сабын өндіруді жалғастырып жатырмыз, қаптамасын да өзіміз әзірледік. Мұндай имидждік тақырыптық іс-шаралар жергілікті халыққа қажет, өйткені Лепсіні денсаулыққа аса пай-

далы балдың таусылмас қоймасы деп айтуға болады. Жергілікті жастардың өкілдері ұйымдастыруға атсалысып, белсене қатысқаны қуантады. Олардың білім алып, туған өлкеге оралып, жерлестерін қолдауға және өлке экономикасын дамытуға күш салары анық. Жалпы, мұндай іс-шаралар өңірдегі туризмді дамыту, халықты жұмыспен қамтып, еңбек адамын қалыптастыруға оң ықпал етері анық, – деп түйіндеді «Лепсі өнімі» ЖШС директоры Фархат Әбузяров.

Болат АБАҒАН,  
Жетісу облысы



# ДОДАҒА ТАСТҮЙІН ДАЙЫН



**Кейінгі жылдары еліміздің зияткер жастары STEM бағдарламалары мен робототехника саласына ден қою арқылы жаңа технологияға, озық инженерияға деген құлшыныстарын дүниежүзілік додаларда жап-жақсы көрсетіп жүр. Оның үстіне жасанды интеллект (AI), толықтырылған шындық (AR), виртуалды шындық (VR), кеңейтілген шындық (XR) және аралас шындық (MR) сынды жаңа реалиителер мен мүмкіндіктердің дамуы жалпы робототехника саласына тың екпін бергені рас.**

Елімізде осы саланы оқушылар арасында дамытып, халықаралық додаларға республика бойынша іріктеу өткізіп жүрген ұйымдардың бірі – USTEM Robotics Foundation. 2017 жылғы Вашингтонда өткен осындай олимпиаданың шабыт алған Нұрдәулет Досмағамбет пен Асылбек Мырзахметов бүгінде робототехника сайысының басы-қасында жүр. Қазақстан бойынша жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар деп танылған жастар FIRST GLOBAL Challenge 2023 атты халықаралық олимпиадаға қатысу мүмкіндігіне ие болады. Ол әлемдік дода биыл 7-10 қазан күндері Сингапурде өтпек. Үндістаннан бастап, Боливия, Малайзия, Словакия, Венесуэла, Вьетнам, Аргентина және тағы басқа елдердің жас инженер-ғалымдары қатысатын бұл турнирге үміткер атану – биік мәртебе әрі зор жауапкершілік.

Астана қаласының физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің жас дарындарынан жасақталған Qial және Robust атты қос команда осы республикалық іріктеу турниріне қызу дайындықты бастап кетті. Бұл екі топ бүгінге дейін біраз шыңдалып, бірқатар жетістікке жетіп үлгерген. Мәселен, бірінші команда былтыр өткен FIRST турнирлеріне қатысып, республикалық кезеңде Core Values атты номинацияда бас жүлде алса, екінші команда SMM challenge

атты кезеңде еліміз бойынша бас жүлдеге ие болған.

Robust командасы – қазірдің өзінде тәжірибелі, белсенді, талабы зор топ. Social Media Challenge жобасының тапсырмасын орында кезінде сутегі тақырыбында зерттеу жүргізді. Инновациялық жоба жасап, адамзат үшін маңызды сала энергия мен атмосфера мәселелерінің шешімін ұсына білді. Qial және Robust командалары өздері әлі оқушы болса да, өзге білім ордаларындағы ұландармен білгенімен бөлісіп келеді. Мәселен, жуырда ғана Назарбаев университетінің алаңында ауыл балалары үшін ұйымдастырылған «Айналайын» лагеріне арнайы барып, замандастарына Arduino және Lego бағдарламалары бойынша шеберлік сыныптарын жүргізді. Өздері секілді оқушылармен бірге роботтар құрап, «Робо-сумо» сайысын өткізді. Бұл екі топтың белсенді жастары өздерінің әлеуметтік желілердегі @qial\_fgckz және @robust\_fgckz парақшалары арқылы да

пайдалы контентпен бөлісуді қолға алды.

Әр команданың жас құрамы әртүрлі, бұл – жастар арасындағы білім мен тәжірибе сабақтастығының алғышарты. Мәселен, Qial командасының капитаны Малика Хасен 10-сыныпта оқыса, Наджмудин Әлиханов пен Семен Чистяков – 8-сыныптың, Камила Сағыныш – 9-сыныптың, ал Әли Қайырдықожа – 11-сыныптың оқушысы.

Халықаралық робототехника олимпиадасына қатысу міндетін жоспарлап отырған бұл екі команданың жетекшілері – Назарбаев зияткерлік мектептерінің түлектері Нұрбол Мақтаев мен Мирас Мұратханов. Бүгінде Назарбаев университетінде оқитын студенттер өздерінен кейінгі буынға қолдау білдіріп, маңызды шараға дайындауға уақыт тауып жүр.

«Біздің басты мақсатымыз – робототехника мен STEM саласына үлес қосу, өзіміз сияқты басқа оқушыларға үлгі болып, бұл саланы танымал ету. Сонымен қатар біз үшін FIRST турнирлері – бұл жаңа мүмкіндіктер мен білім қайнары. Жаңа жобалар мен роботтарды құрастырған кезде қызықты әрі пайдалы тәжірибе аламыз. Роботтарды жобалау мен құрастырудан бастап, бағдарламалау мен тапсырмаларды шешуге дейінгі тапсырмаларды орындауға әзірміз. Осылайша, жаңа технология әлеміне өз үлесімізді қосуды қалаймыз. Қазақстанның туын Сингапурде көтергіміз келеді», – дейді Qial командасының капитаны Малика Хасен.

Қазіргі таңда олимпиаданың алдын-ала онлайн іріктеу кезеңіне 100-ден астам команда тіркеліп үлгерген, олардан тек 40 команда республикалық кезеңге өтеді. Қазақстанның цифрлық болашағы мен әлеуеті осындай озық технологияға талабы зор, бейімі мол болашақ инженер-ғалымдардың қолында екені анық.

Алма САЙЛАУҚЫЗЫ,  
журналист



**Ұлт рухын ұлықтап, қайсарлық пен шындықтың, адалдық пен жанашырлықтың символына айналған дәуір тарабозы, қоғам және мемлекет қайраткері, тарихшы, этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібеков есімін іргелі білім қарашаңырағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетіне беру туралы шешім құнды әрі тарихи маңызға ие.**

## ҚҰНДЫ ӘРІ ТАРИХИ ШЕШІМ



Бұл сәтті университет ұжымы ұзақ күтті. ОҚМПИ болып қайта құрылған 2011 жылдан бастап елге еңбегі сінген, қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен өнерін дамыту жолында іргелі істер атқарған Өзбекәлі Жәнібековтің есімін оқу ордасына беруге байланысты мәселелер көтеріліп, түрлі іс-шаралар өткізілді, ұжым арасында үлкен қолдауға ие болды.

2017 жылы педагогикалық институттың ғылыми кеңесінің шешімімен сол кездегі Білім және ғылым министрлігіне Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтына Өзбекәлі Жәнібеков есімін беруді сұрап, хат жолданды.

Араға алты жыл салып, болашақ педагогтар даярланатын білім күмбесіне ұлт рухының шырақшысына айналып, мағыналы да мазмұнды ғұмыр кешкен, барлық өмірін қазақ халқының өсіп-өркендеуіне арнаған Өзбекәлі Жәнібеков есімін беру – жас ұрпақ тәрбиесі үшін де дұрыс шешім.

Жаңа Қазақстанды дамытуда қарқынды істер атқарып жатқан үкімет басшыларының бұл шешімі биылғы қабылданған сәтті шешімдерінің бірі екені даусыз. Қуанамыз.

Келешекте Ө.Жәнібеков есімін иеленер ұстаздар ұстаханасы ОҚМПУ-мен бірге Ж.Тәшенов университеті ғылым мен білім, тәрбие саласында табысты да, жемісті жұмыс істей беретініне сенім мол.

Оналбай АЯШЕВ,  
ҚР ҰҒА академигі, п.ғ.д., профессор  
Ж.Тәшенов университеті  
Директорлар кеңесінің төрағасы

**Ақмола облысының ондаған гидротехникалық құрылымы мен бөгені сонау Кеңес заманынан бері еш жөндеу көрмеген. Тозығы жеткен су бөгендерінің бірсыпырасы әлдеқашан апаттық жағдайға жеткен. Бұланды ауданына қарасты Иванков ауылының тұрғындары бес жылдан астам уақыт бойы көктемгі су тасқыны кезінде ағын судың астында қаламыз ба деген үреймен өмір сүріп келеді...**

#### ТҮТАС АУЫЛДЫ СУ БАСЫП КЕТУІ МҮМКІН

74 үй түгін түтететін шағын ғана ауылда жалпы саны 182 адам тұрып жатыр. Осыдан аттай алты жыл бұрын ауылдың іргесіндегі Жолболды өзені тасып, өзенді жағалай қоныс тепкен Жағалау көшесін тұтастай су шайған. Баспаналарына дейін су кіріп, шығынға белшесінен батқан тұрғындар аудан мен облыс әкімдіктеріне дейін барып, апаттық жағдайдағы бөгенді жөндеуді сұраған. Бөгеннің мүшкіл жағдайын көрген жергілікті билік пен құзырлы органдардан құрылған комиссия оны апаттық жағдайда деп танып, келер жылы жөндеу жұмыстарын бастайтынын мәлімдеді.

Алайда содан бері арада алты жыл өтсе де, бөген басында шыбық басы сынбаған. Одан сайын жан-жағын су шайғандықтан, топырағы мүжіліп, үңірейген апанға айналып, ауыл тұрғындарының алаңын көбейтіп тұр. Биылғы көктемгі су тасқыны бөгенді мүлдем жарамсыз күйге түсіріпті. Тұрғындар билік енді жөндеу жүргізбесе, келер жылы тұтас ауыл сумен қоса ағып кететінін айтып зар илеп отыр.

Бөгеннен мүлде су өтпейтін күйге жетті. Су ешқайда кете алмайды. Бөген үш-ақ сағат ішінде толып қалады. Суды ұстап тұра алмайды. Ал Жолболды өзеніндегі судың көлемі ауылды түгелдей басып қалуға жетеді. Біздің Жағалау көшесі тіпті адамдарымен қоса суға ағып, мүлде жоқ болып кететіні анық. Олай болса біздің барар жеріміз де жоқ. Өзеннен асып өте алмаймыз. Өткен көктемде бөген мүлдем жарамсыз жағдайға жетті. Су бөгеннен асып, ауылдың көшелерін тұтастай су басты. Ал келер жылы тұтас ауыл сумен қоса ағып кететін шығар. Бірақ жыл сайын құрғақ уәдені үйіп келе жатқан

## ҚОРҚЫНЫШ ҚҰШАҒЫНДАҒЫ АУЫЛ



билік органдары бұған еш назар аударар емес, — дейді Наталья Улинич есімді Иванков селосының тұрғыны.

#### АУЫЗСУДАН ДА ҚҰРАЛАҚАН ҚАЛҒАН...

Тозған гидротехникалық бөгеннен бөлек, ауыл жұртын алаңдататын мәселе шаш етектен болып шықты. Елді мекен жылдар бойы ауызсудан да таршылық көріп келеді. Су ауылға 30 шақырым қашықтықтағы Журавлев селосынан жергілікті «Иванков НС» ЖШС-ның күшімен аптасына екі-ақ рет жеткізіледі екен.

Ауылда су құбырлары жоқ та емес. Сонау кеңес заманынан кейін 90-жылдардың басында ауылға құбырлар қазылып, су айлау мұнарасы да орнатылған. Ауыл ақсақалдарының айтуынша, құбырлар тартылғанымен, сол күйі еш игілікке жарамай, ұмыт қалған. Қазылған құбырлар жердің астында іске алғысыз болып шіріген күйі қалып қойыпты. Тұрғындар биліктен ауылға тым құрығанда бір су ұңғымасын қазып беруді сұраған. Бірақ «баяғы жартас — сол жартас».

Сондай-ақ бұл ауылда интернет те, тіпті көшелерде орнатылатын жарық шамдар да жоқ.

— Ауыл іс жүзінде күре жолдың жанында тұрса да, мұнда ұялы және интернет байланысы атымен жоқ. Әркім өз шамасынша байланыс күшейткіштерін сатып алып, сыртқы әлеммен байланыс жасауға әрекет еткен болады. Аудандағы барлық ауылда көшеге жарық орнатылғанымен, біздің ауылды бұл жақсылық та айналып өтті. Көшелер тас қараңғы. Қазір ауылда жастар да жоқ. Жұмыс жоқ әрі осындай қарапайым қажеттіліктер болмаған соң жастар ауылға келмейді. Соның салдарынан мектепте 20 шақты ғана бала қалды. Енді оны да жауып, бастауыш мектеп қылып тастамақ. Ал мектеп жабылса, ауыл мүлдем құрып кетеді. Ауылда жанадан көпір салынған. Биліктің айтуынша, оған 45 миллион теңгеден астам қаржы жұмсалған. Бірақ сонша көлемдегі ақша салынбағаны анық көрініп тұр. Көпір өте төмен орналасқан, — дейді Иванков ауылының тұрғындары.

«Биосфера» ЖШС. Қазір кешенді сараптамадан өтуге құжаттамалар әзірленіп жатыр», — делінген Бұланды ауданы әкімдігі ұсынған ақпаратта.

Яғни, жергілікті билік дерегіне сенсек, арада 5 жыл өткенде ғана мемлекеттік сатып алу порталында 4 656 250 теңге сомасына Иванков бөгенін күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама жасау туралы №4249581-2 хабарландыруы ілінген.

Әкімдік ауылдағы ауызсу мәселесін шешуге бюджетке өтінім бергенін айтып ақталды. Бірақ қашан қаражат берілетіні әлі беймәлім. Интернет тартуға халық санының аздығы «кедергі» болған көрінді. Ал көшелерге жарық орнату мен көпірді қалпына келтіру бүгін бітетін іс емес сияқты.

Бұланды ауданының құрылыс бөлімі былтыр Ергөл ауылдық округіндегі Иванков селосы су құбыры желілерін қайта құру жобасы бойынша оң қорытынды алып, жобалық-сметалық құжаттама жасалған. Жоба құны 496 181 миллион теңгені құрайды. Қазір салалық басқармаға бюджеттік өтінім беріліпті. Иванков ауылында ұялы байланыстың тұрақты жұмыс істеуі үшін байланыс операторларының базалық стансасы қажет. Бірақ Бұланды ауданындағы байланыс өкілдерінің ауыз-екі әңгімесіне сенсек, халық санының аз болуы себебінен ешқандай байланыс операторы бұл істі қолға алуға құлық танытпайды. Иванков ауылына кіреберістегі көпір бюджет қаржысына 2015 жылы жүргізілген. Қайта жөндеуге қаржы бөлу үшін жобалық-сметалық құжаттама жасау қажет. Іс-шаралар жоспарына сәйкес Иванков селосында көше жарығын орнату 2024 жылға жоспарланған. Әкімдіктің ресми жауабы осындай.

Жобаны желеу етіп, жылдар бойы еш қарекет қылмаған жергілікті биліктің сылбыр ісі халықтың өміріне қатер төндіріп тұр. Ауылдағы басқа мәселелерді айтпағанда, келер көктемде ағын судың астында қалмауы үшін қажетті шараларды бүгіннен бастамасақ, ертен сан соғып қалмасымызға кім кепіл?!

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

## ДАЛА ӨРТІ ӨРШІП ТҮР

**Биылғы жаз шаруа үшін қиын болып тұр. Жауын-шашын аз болғанынан шөп көтерілмей, шалғының тісіне ілінбей жатса, бір жағынан тілсіз жау жағадан алуда. Бұл кез — дала өрті өршітін уақыт. Қарағанды облысы Шет ауданының үш ауылдық округінде, атап айтқанда, Талды, Ақшоқы, Ақсу-Аюлыда 21 шілдеде төтенше жағдай жарияланды.**

#### Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Аудан әкімінің орынбасары Дәурен Кәрсенбаев мұндай шара сақтық үшін қабылданғанын айтты. Оның мәлімдеуінше, бүгінде өрт толығымен ауыздықталған. Желдің өртті көтеріп кетуі қауіп бар. Сондықтан ауданда 24 сағат бойы кезекшілік қойылған.

— Өрт ошағы таулы аймақта болды әрі күшті желдің салдарынан тез өршіп кетті. Сақтық үшін ауданның 3 елді мекенінде төтенше жағдай жарияланды. Қазір өрт толығымен сөндірілді. Соған қарамастан жұмылдырылған 13 техникамен 82 өрт сөндіруші, 8 техниканың 23 орман шаруашылығының қызметкері, еріктілер мен әкімдік қызметкерлері 24 сағат бойы кезекшілікке қойылды. Тұтану ошақтарының алдын алу үшін бақылау қатан, — дейді Дәурен Құралбекұлы.

Белгілі болғандай, елді мекендер мен тұрғындарға ешқандай қауіп жоқ.

— Өрт сөндірушілер, орман шаруашылығының қызметкерлері, еріктілер — өрт ошақтарында кезекшілікте. Үш аймақта орталықтандырылған штабтың толық қадағалауында. Тоғайлы жерлерді орман шаруашылығының қызметкерлері, таулы аймақты өрт сөндіру қызметкерлері, ал елді мекендер мен жазық аймақтарды еріктілер бақылауда ұстап отыр, — дейді Дәурен Кәрсенбаев.

Тау жотасының аумағында табиғи өртті сөндіруге 168 адам және 34 техника жұмылдырылды.

— Тілсіз жаумен алысуға облыстық төтенше жағдайлар қызметі, көршілес аудан, қалалардың және аудан аумағындағы өрт сөндіру қызметтері, 100-ге таяу жеке құрам мен 30-дан астам қажетті техника және ерікті азаматтар тобы бір кісідей аталысты. Өрттің салдарынан 1 872 гектардан астам жер жалын күшті ысықтап, қуанарлығы, жайылым жерлеріміз бен орман-ағашымызды аман сақтап қалдық, — дейді Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров.

Оның алдында облыс аумағының Бұқар жырау ауданындағы Үштөбе ауылдық округінде 15 гектар алаңда және Ақтоғай ауданында Шабанбай би ауылдық округінде 10 гектар алаңда құрғақ шөпте тұтанған өрт сөндірілген болатын.



Бүгінде Ақтоғай ауданында Айыртас ауылдық округіндегі бір өрт ошағы бақылауға алынып отыр. Өртті жоюға ТЖД және Айыртас ауылының өрт сөндіру бекетінің күштері жұмылдырылды.

Негізінде, бір аптаға созылған Талды елді мекенінің маңындағы Қотыртау беткейіндегі өртті сөндіруге шілдіргі айдың аптабы мен аңызак желі едәуір қиындық туғызды. Тау аңғарына техника манайлай алмады. 17 шілдеде өрт ошағына су төгер құрылғылы «МИ-80» тікұшағы тартылды.

Облыс әкімі Ермағамбет Бөлекпаев Шет ауданындағы өртке қатысты жергілікті атқарушы органдар тарапынан қадағалауды күшейту қажеттігін қатан тапсырып, уақыт сылбырлықты көтермейтінін ескертті. Техниканы жанарта отырып, тілсіз жаумен күресте еріктілерді тарту қажеттігіне назар аударды.

— Жыл басында өрт қауіпінің алдын алу, жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайды жою жөнінде жергілікті бюджет түсімдері көлемінің кемінде 1%-ы мөлшерінде қаражат көздеуді тапсырдым. Бұл сома аз, бірақ өте маңызды. Қажетті техниканы сатып алыңыздар, өрт сөндірушілерді жабдықтаңыздар! Жыл соңында тапсырманың қалай орындалатынын тексеремін, — деді Е.Бөлекпаев.

Ал Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Мұрат Катпанов облыс аумағында 14 орман өрті тіркелгенін мәлім етті. Оның бесеуі — Қарқаралы, үшеуі — Осакаров, Бұқар жырау ауданында — екі, Қарағанды қаласында — екі, Ақтоғай және Шет аудандарында бір өрт ошағы анықталған.

Өрт тұтануының негізгі себептері әдеттегідей найзағай, орман қорындағы құраған желектің оқыстан тұтануы болып отыр. Қазіргі жауын-шашынсыз ыстық әрі

желді ауа райы да табиғи өрттің көбеюіне ықпал еткен.

— Жабдық көлемі жыл сайын артқанымен, аудандардың орман шаруашылықтарындағы жеке құрам қызметкерлерінің аздығы да қолбайлау болып тұр. Осыған байланысты мүмкіндігінше жаз мезгілінде жұмыспен қамту орталықтары арқылы қызметкерлер санын арттыруды ұсынамыз. Ұлттық парктерде де өрт сөндіру құрылғыларының жеткіліксіздігі аталған кезеңде өртен күресте «әттеген-ай» дегізіп тұр. Ал бар құрылғының мерзімі ондаған жылға жетіп жығылған. Ескірген, тозған. Тиісті нысандар өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бері бойға қалқан болғанымен, заман талабына сай емес. Кешенді жанарту амалдары ауадай қажет екенін түсінеміз. Сондықтан шығыны аз, тез құрастырылатын модульдік ангарлар тұрғызу ұсынамыз. Заманауи спутниктік навигация жүйесі жолға қойылмаған. Радиостансалардың жұмысы мардымсыз, — деді облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Мұрат Катпанов.

Дала өртіне байланысты Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаменті жаз мезгілінде өрт қауіпісздігі ережелерін сақтау қажеттігін еске салды.

«Құрғақ мезгілде ормандар мен далаларда отпен жұмыс істегенде ерекше сақ болу керек. Сөндірілмеген сірінке мен темекіні тастамаңыз! Сөндірілмеген отты, сондай-ақ сынған өйнекті қалдырмаңыз! Ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу кезінде жарамды ұшқын сөндіргіштері бар техниканы пайдалану қажет», — дейді мамандар.

Қарағанды облысы

**Аптапай қайтпаған аптап ыстық егістік даласын құрғатып, шаруаларды тығырыққа тіреп тұр. Ағын судың аздығынан бүгінде Жамбыл облысындағы он ауданның алтауын құрғақшылық қысуда. Әсіресе, қант қызылшасын ең көп көлемде егетін Меркі ауданында мың гектар алқап құрап кеткен. Сондықтан диқандар билік өкілдерінен төтенше жағдай жариялауды сұрап отыр.**

## ТАБЫСҚА КЕНЕЛЕМІЗ ДЕП ТАҚЫРҒА ОТЫРДЫ

Жалпы, меркілік шаруалар тығырықтан шығу жолын іздеп қылша түбірін үш рет егіп те көрген. Алайда бәрі де сәтсіз аяқталып, су болмағаннан кейін өнім сөбізше солып қалған. Оған қоса, көктемгі үсік, жазғы шегіртке мен субсидияның кешігуі жығылғанға жұдырық болып, диқандарға төтенше жағдай жариялауды сұраудан басқа амал қалдырмай отыр.

— Еккен қызылшамыз түгелдей солып қалды. Жапырақтары құрап жатыр. Оған себеп — ағын су жоқ. Барының өзі бізге жетпейді. Мұндай жағдайда төтенше жағдай жариялау керек. Сонда ғана қызылша егуге алған несиемізді қайтаруға және бастаған ісімізді аяғына жеткізуге жеңілдіктер қаралмақ. Сондықтан төтенше жағдай жариялауды талап етеміз, — дейді меркілік шаруа Арнұр Сәбит.

Ауылдасының сөзін дикан Сансызбай Иманбетов те қолдап отыр. Ол



қызылша егеміз деп қып-қызыл шығынға батып жатқанын айтады.

— Бізге қызылша егіндер дегеннен кейін ектік. Оған қанша қаржы мен күш-жігер кетті. Енді, міне, құрғақшылық қос бүйірден қысып, шығынға батып жатырмыз. Осы жағдайға қатысты Үкімет көмек бере ме? Субсидиямызды төлей ме? Егер төлемейміз десе, шығынға батқан тиісті қаржымызды өтеп беруді сұраймыз, — дейді С.Иманбетов.

Бұл құрғақшылықты жауапты мамандар қырғыз тауларындағы мұздықтардың ерімей қалуымен байланыстыруда. Алайда сусыз отырған жалғыз Меркі ауданы емес. Мұндай жағдайды Қордай, Талас, Байзақ пен Жамбыл аудандары да бастан кешіп жатқан көрінеді. Сол себепті өңірге жуырда құрғақшылыққа қатысты салалық министрліктің арнайы комиссиясы кел-

ген. Міне, осы министрлік мамандары тексеру жүргізуде. Егер олар шығын көлемі ауқымды деп тапса, онда төтенше жағдай жариялануы мүмкін.

— Қазір Жамбыл облысындағы алты аудан зардап шегіп отыр. Ең көп шығын Қордай ауданында болса, біз үшінші орында тұрмыз. Аудан бойынша 941 гектар жер зардап шеккен. Келісім бойынша қырғыздар секундына 1,5 текше метр су беру керек болатын. Алайда олар осы келісімді орындамай жатыр. Биыл құрғақшылық жылы болып отырғанын өздеріңіз де көріп отырсыздар. Енді төтенше жағдай жариялау мәселесі — Үкімет тарапынан қабылданатын шешім. Комиссия тексерісінің қорытындысын күтейік, — дейді Меркі ауданының әкімі Жорабек Баубеков.

Негізі, Меркіде тәтті түбір еккен 25 ірі шаруашылық зардап шеккен. Олар биыл табысқа кенеліміз деп тақырға

отырған. Былтыр шаруалар 1 354 гектардан 142 мың тонна өнім алса, биыл егістік көлемін 3 мың гектарға ұлғайтқан. Алайда ағын судың жоғынан былтырғы жеменін өзін орындау мұн болып тұр.

Жалпы, осы тәтті түбір төңірегінде жылда айқай-шу шығып жатады. Алдыңғы жылы шаруалар Меркі қант зауытынан қаржысын ала алмай, облыс әкімдігі араласып жатып түйткілдің түйіні тарқатылған еді. Оның өзінде де диқандарға тиесілі ақшаны зауыт басшылығы бірнеше бөлікке бөліп беріп, әбден әбігерге салған. Енді, міне, биыл ағын су мәселесі шаруаларды тағы шырылдатуға. Ендігі бар үміт министрліктен келген комиссия шешімінде болып отыр.

Саятхан САТЫЛҒАН,  
Жамбыл облысы



# БЕУ-БЕУ,

**Музыкалық жас көрермен театрында «Гауһартас» қойылымы бес айда 65 рет сахналанды және осынша рет аншлагпен өтті. Сонда да билет таппаған халықтың қарасы қалың. Көрерменнің кезайымына айналған спектакльге бірнеше ай бұрын орын алып қоятындар да бар. Бұл – шығарманың өміршеңдігі мен қойылымның құдіреті.**

## «Гауһартас»...



Көктем ҚАРҚЫН

«Ажарың ашық екен атқан таңдай, Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай. Анаңнан сені тапқан айналайын, Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай», — деп басталатын әйгілі «Гауһартас» әнін көпшілік жақсы біледі. Бұл — жазушы Дулат Исабековке көркем шығарма жазуға себеп болған, шабыт сыйлаған ән. Бұл — сұлулық пен нәзіктіктің символына айналған жыр. Осы әннің лейтмотивімен көркем проза, прозадан көркем фильм дүниеге


сынды аяулы ұғымдар құрайтынын айтқымыз келді. Сондықтан әр отбасы бақыт пен махаббатты көзіңіз қарашығындай сақтауы керек. Спектакльді Нұрғайша апамыздың рухына арнадық. Себебі қойылымда Дулат ағамыздың аяулы жарына деген мөлдір махаббаты жатыр, — дейді режиссер Асхат Маемиров.

Қойылым көрерменді жетпісінші жылдарға жетелейді. Қыр ішінде жалғыз үй болып, қой баққан шопандардың отбасындағы күйбең тірлікке куә боламыз. Оқиға желісі отбасының кенже баласы ақынжанды Қайыркеннің баяндауы

отырған әрбір көрерменнің жүрегіне жетіп, фильмдегі Салтанаттың сахнадағы жанды бейнесімен тұтасып жатқандай көрінді. Ал Қайыркенді Дініслам Нұрмағамбетов сомдады. Дінісламның кейіпкер образын ашқаны соншалық, қойылымның соңына дейін көрермен актердің арманымен бірге өмір сүрді. Онымен бірге сан алуан күйге енді. Тастанның бейнесіндегі Оразалы Игіліктен сөзге саран, біртөкпей, дөрекі, көкпар десе ішкен асын жерге қояр қатыгез адамды көрдік. Спектакль біткенше Тастанның тура жолға түскенін күттік. Қойылымда әрбір басты бейнеге актерлер құрамын таңдауда режиссердің қателескенін байқадық. Тек әкесі Тұрымбеттің роліндегі Қазбек Есқара көрерменнің сендіре алмады. Жас актердің алпыстағы ақсақалдың тереңдігі мен карттығын көрсетуге мүмкіндігі жетпеген де шығар. Ал ана бейнесіндегі «Құрмет» орденінің иегері Майра Омар — өз образын бұрыннан бері жеткізе орындайтын актриса. Бір қызығы, Тастан мен Салтанат образындағы Оразалы Игілік пен Инабат Ризабекова — шынайы өмірде де ерлі-зайыпты жандар. Бұл да қойылымның шынайылығын арттыра түскендей.

— Спектакльді көріп отырып көзіме қанша рет жас алдым. Сценарийді оқып шыққаннан кейін қалай шығар екен деп ойладым. Жазу деген бір басқа, сахнаға шығару деген бір басқа. Қойылымдағы хор, ән — бәрі өте орынды. Режиссер бәрін орын-орныммен пайдаланған. Оркестрдің өзі маған қатты ұнады. Тып-тыныш, салықалы, жай ғана өнер көрсетті. Салтанаттың ролі маған ерекше әсер етті. Бірде-бір актер бос жүрген жоқ. Әсіресе, Қайыркенді ойынаған актер рөлге кіріп кетіп, толығымен шығармадағы Қайыркенге айналды. Бүтіндей алғанда, спектакль өте жоғары дәрежеде шықты, — делі жазушы-драматург Дулат Исабеков.

Жастардан жиналған труппаның жастық жігері мен музыкалық, пластикалық қарым-қабілеті де көрерменге ерекше әсер сыйлады. «Ләйлім шырақ», «Құдаша», «Көктем келер», «Сағындым ғой», «Женешей-ай», «Келші, айым», «Құстар қайтып барады» сынды біраз халық әндері мен халық билері спектакльдің динамикасын арттыра түскендей. Кинода Салтанат тірі қалады. Ал көркем шығармада Салтанат толғақты көтере алмай, өмірмен қош айтысады. Спектакль көркем шығарма ізімен өрбіп, Салтанаттың қазасымен аяқталады. Осы сәттегі Қайыркеннің жоқтауы, Тастанның жын ұрғандай күйге енуі — бәрі-бәрі ерекше үйлесім тапқан. Залда Салтанатпен жылап қоштаспаған көрермен қалмады...



келді. Екеуі де көзі қаракты оқырманның көкейінде сақталып, қазақ классикасы ретінде тарихта қалды. Ал биыл көркем шығарма спектакльге айналды. Динамика мен диалог қатар өрілетін театр сахнасында «Спектакль жаналық әкеле қояр ма екен?» деп күдікпен қаралды. Бірақ күдігіміз бекер болыпты. «Гауһартас» сахналық нұсқасын жасаған әрі қойған режиссер Асхат Маемиров шығармаға екінші өмір сыйлады. Әнмен әрленіп, хореографиямен үйлескен қойылым түпнұсқадағы мәтіннен ауытқымаған. Әр қойылған сайын премьералағандай көрерменді өзі қарсы алып, алғы сөз айтып жүрген режиссер үшін бұл спектакль бұрынғылардан өзгереді болса керек.

— «Гауһартас» 15 ақпаннан бастап, бүгін 65-рет қойылып отыр. Бұл шығарманы Дулат Исабеков ағамыз 1967 жылы 25 жасында жазған екен. 25 жастағы жігіттің өмірлік ұстанымы, көзқарасы, махаббат пен бақыт хақындағы ойы шығармаға арқау болады. Спектакльді театрмыздың 25 жастағы актерлері ойнайды. Сондықтан да образдар қыз-жігіттердің жан-дүниесімен рухтас. Бұл қойылыммен біз қазақ шаңырағының негізін бақыт пен махаббат

арқылы өрбиді. Әке мінезінің қаталдығы, ананың шексіз мейірімі мен ағаның қыңырлығы бәрі-бәрі осы шаңырақта кездеседі. Тек Қайыркен ғана жақсы күндерден үміт үзбейді. Бұл отбасының бұлт арылмайтын бұлыңғыр өміріне Салтанат «күн» болып, қуаныш әкеледі. Тойға дейін небары 3-ақ рет көрген күйеуі Тастанды да жігіттік болмысы мен жігерлігі үшін шын сүйеді. Қайыңсы Қайыркенге де жеңгелік мейірімін көрсетіп, сырлас болады. Бірақ Салтанаттың еркілігі мен еркіндігін Тастан бағалай алмайды. Өйткені Тастанның көзін ашқалы көргені — қой мен кен дәлі. Көкпар мен Күрен атынан басқа елжірей қарамайды. Спектакльді тамашалап отырып, Тастанның бойындағы қаталдығына кіна арта алмайсың. Себебі ол кезде заман сондай болды. Адами құндылықтар мен отбасы бақыты көп жағдайда ескерілмейтін. Салтанат күйеуінің жүрегіне жол табамын деп қолынан келгеннің бәрін жасайды. Бірақ Тастанның тас жүрегі Салтанаттың қадірін тым кеш түсінеді.

Салтанаттың образын сомдаған актриса Инабат Ризабекова қазақ келінінің бар жақсы қасиетін көрсете алды. Оның жанды дауыста шыраққан «Гауһартасы» залда

## МЕРГЕНДЕРДІҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ



**Оңтүстік Кореяның Чхан-вон қаласында өткен жасөспірімдер арасында нысана көздеуден Әлем чемпионаты аяқталды.**

Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қызметі мәлімдегендей, Қазақстан қоржынына соңғы жарыс күні тағы 4 медаль (2 алтын, 2 қола) түсті. Жылжымалы нысана көздеуден (10 м, ауыспалы ритм) қазақстандық қыздар командалық бәсекеде тағы да қарсылас шақ келтірмей, жеңіс тұғырына көтерілді. Ел намысын апалы-сінділі Зухра мен Фатима Ерназарова және Александра Сәдуақасова қорғады. Осы бағдарламаның жеке кейіпінде Фатима алтыннан алқа тақса, Зухра қола жүлдеге ие болды.

Жылжымалы нысана көздеуден (10 м, ауыспалы ритм) еліміздің бозбалалар құрамасы Украина мен Финляндиядан кейін үшінші орынға тұрақтады. Асабек Назирқұлыев, Илья Зотеев, Даниил Яковенко жылдам және жай жылжитын нысанаға оқ атып, 1 080 ұпай жинады.

Қазақстан спортшылары Чхан-вонда барлығы 10 медаль (4 алтын, 4 күміс, 2 қола) жеңіп алып, жалпы есепте үздік бестікке кірді.

Жасөспірімдер арасындағы биылғы бәсекеге 45 мемлекеттен 600-ге жуық атлет қатысып жатыр. Қазақстандықтар тек 3 санатта бақ сынады. Олар: винтовка (қыздар), тапанша (бозбалалар), жылжымалы нысана (бозбалалар, қыздар).

## «ТОБЫЛ» «ОҚЖЕТПЕСТЕН» БАСЫМ ТҮСТІ

**Футболдан премьер-лига командалары арасындағы ел біріншілігінің 16-туры мәресіне жетті.**

Аталған турды «Тобыл» (Костанай) мен «Оқжетпес» (Көкшетау) кездесуі қорытындылады. Ойын барысында костанайлық клуб 2:0 есебімен басым түсті. Нәтижесінде, «Тобыл» турнир кестесіндегі жағдайын жақсартып, алғашқы төрт-

тіктегі командаларға жақындай түсті.

Тағы бір кездесуде қарағандылық «Шахтер» Ақтаудың «Каспийін» 1:0 есебімен тізе бүктірді.

Еске салсақ, бұдан бұрын «Жетісу» мен «Ақсу», «Қайрат» пен «Мақтарал» 1:1, «Жетісу» мен «Ақсу» 0:0 есебімен тең түссе, «Ақтөбе» «Қайсарды» 1:0, «Ордабасы» «Қызылжарды» 2:1 есебімен сүріндірді.

Енді 17-тур ойындары 29 және 30 шілде күндері өткізіледі.

## РЕЙТИНГ ЖАҢАРДЫ



**Кәсіби теннисшілер қауымдастығы (АТР) жаңартылған рейтингті жария етті.**

Ерлер арасында Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик 27-ден 26-орынға көтерілді. Тимофей Скатов 134-тен 136-орынға, Михаил Кукушкин 223-тен 229-орынға, Бейбіт Жұқаев 242-ден 270-орынға төмендеді.

Әлемде үздік үштікте бұрынғыша испаниялық Карлос Алькарас, сербиялық Новак Джокович және ресейлік Даниил Медведев тұр.

Жұптық сында алғаш рет АТР 250 турнирінің чемпионы атанған Александр Недовесов 53-тен 8 саты жоғарылап, әлемнің 45-ракеткасы атанды. Бұл — оның үздік көрсеткіші. А.Недовесов осыған дейін 48-орыннан аса алмап еді.

Әлемдік рейтингте жұптық сында бұрынғыша нидерландылық Уэсли Колхоф көш басқаса, ұлыбританиялық Нил Скупски екінші, америкалық Остин Крайчик үшінші сатыға жайғасты.

Дайындаған К.ЕСІМХАН



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —  
Шығарушы редактор

Асқар БЕК —  
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Нұрболат АДЫРБЕК —  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫБАҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Роза ШӘКЕН —  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНҰЗАҚ —  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 35102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 45102  
Жеке жазылушылар үшін — 25102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Таспырыс №4329

Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114